

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№95 (9413) | 1954 жылғы 12 май Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

Егіс жұмыстарындағы олқылық дереу жойылсын

Быйылғы жылы облысымыздың колхоздары мен совхоздарында егіс жұмыстарын мейлінше қысқа мерзімде және агротехникалық жоғары сапада өткізуге толық мүмкіншілік бар. Ең алдымен облыс егіншілерінің қатары тың және тыңайған жерлерді игеруге келген патриоттар есебінен толықтырылса, сонымен қатар, отандық қуатты техниканы да облысымыз көптеп алды. Мұның өзі—егіс жұмыстарының қарқынын алғашқы күндерден бастап мейлінше күшейтуге, сөйтіп, оны агротехникалық жоғары дәрежеде өткізуге толық мүмкіншілік туды деген сөз.

Жаңа техниканы тиімді пайдалана білген МТС-тер мен совхоздардың, трактор бригадаларының қолданылуы кезінде өзіңде елеуді табыстарға жетіп отыр. Бұл жөнінде жаңадан ұйымдастырылған Булаев астық совхозының (директоры Бержер жолдас) жетістіктері үлгі боларлықтай. Аталған совхозда үстіміздегі көктемде 850 гектар тың және тыңайған жер жыртылуға және оларға ауылшаруашылық дақылдары егілуге тиіс еді. Жұмысқа бірден ұйымшылдықпен кіріскен шаруашылықтың мүшелері социалистік жарысты өрістете отырып, небары 5 жұмыс күні ішінде 1100 гектар тың көтерді. Сөйтіп, мемлекеттік тапсырманы абыроймен орындап шықты.

Сол сияқты, Совет машина-трактор станциясының механизаторлары да быйылғы көктемде тың жер жырту жөніндегі жоспарларын кезінде орындады. Мұнда тыңнан жыртылған жерлердің барлығына дерлік жаздық бидай егілген. Көзгі уақытта аталған МТС-тің трактор бригадалары пар үшін тың көтеруде.

Жұмысты осылай жақсы нәтижелермен атқаруға барлық совхоздар мен МТС-терде мүмкіншілік жеткілікті. Быйылғы жылы жаңа техникамен толықтырылмаған бірде-бір шаруашылық жоқ. Бұл фактінің өзі алда тұрған міндеттерді бүгін таңдағы талаптарға сай орындауға қажетті мүмкіншіліктердің орасан зор екендігін айқын дәлелдейді.

Бірақ, соған қарамастан бірқатар аудандарда, МТС-тер мен совхоздарда егіс жұмыстарының барысы төзгісіз олқылықта болып отыр. Егіс жұмыстарының негізінен барлық аудандарда бір кезде басталуына қарамастан, Октябрь, Ленин аудандары сияқты негізгі астықты аудандарының қамтамасыз етуге міндет-

малануда. Ең алдымен жер жыртатын тракторларға тіркелетін плугтердің барлығы қосымша түрлендермен жабдықталмаған. Бір жер терең жыртылса, екінші жердің саяз жыртылуы да байқалады.

Мұндай жағдай Ленин ауданының «Орталық», «Путь к социализму» ауылшаруашылық артельдерінде де кездеседі. Мұның барлығы аудан, МТС, колхоз басшыларының қолда бар орасан зор техниканы, адам күшін бүгін таңда алда тұрған ең негізгі міндетті шешуге—көктемгі егіс жұмыстарын тез және сапалы аяқтау күресіне жұмылдыра алмай отырғандығының салдары. Егіс жұмыстары найқалышылықты көтермейді. Олай болса, аудандық басшылары—Плевако және Бигожин жолдастар мұндай төзгісіз олқылықтарға жол беру партия мен мемлекет алдында қылмыс болып табылатындығын естен шығармауға тиіс.

Жағдай Октябрь ауданының колхоздары мен МТС-терінде де нашар болып отыр. Аудан облыс бойынша ең соңғы орында. Егіс жұмыстарының жоспары әлі 5,2 процент ғана орындалған. Бұл аудандағы Коновалов МТС-нің аймағындағы колхоздар, себу жұмыстарын мейлінше жеңіл бастады. Ал, Торангүл, Ворошилов атындағы МТС-тер тың және тыңайған жерлер жырту скандігі тапсырмаларды үнемі орындай алмай келеді. Оларда жыртылған тың жерлерді бірден өңдеу, оларға тұқым себу жұмыстары да мейлінше баяу жүргізілуде. Осыны көре- тура ҚКП Октябрь аудандық комитеті (секретары Кундеренко жолдас) және аудандық Совет аткомі (председателі Мусин жолдас) төзімділік жасап келеді. Сондықтан да Октябрь ауданының төзгісіз артта қалуы кездейсоқ жағдай емес.

Октябрь ауданы облысымыздың басқа аудандарынан тың және тыңайған жерлерді әлдеқайда көп игереді. Тіпті быйылғы көктемнің өзінде ол жаңа жерлерге дәнді дақылдарды басқалардан көп егеді. Бірақ, осындай зор көлемді жұмыстарды ойдағыдай жүргізуге мүмкіншіліктің бәрі бар екенін айта кету керек. МТС-тер мен совхоздар қажетті жаңа техникамен жеткілікті мөлшерде толықтырылды. Олай болса, аудан басшылары ең алдымен Кундеренко және Мусин жолдастар осы күш- мүмкіншіліктің кезінде және тиімді пайдаланып, қамтамасыз етуге міндет-

Бүгінгі басты міндет—барлық мүмкіншілікті егісті тез және сапалы аяқтауға жұмылдыру

ОБЛЫС КОЛХОЗДАРЫНДА ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

(10 майдағы мәлімет бойынша)

Жоспардың орындалу проценти

Аудандар	Себілген дақылдар		
	барлығы	жаздық бидай	жер жырту
Коныхов	28,8	35,9	31,7
Булаев	26,2	37,0	36,8
Петропавл	22,3	30,0	23,9
Соколов	19,4	26,0	29,8
Полудень	18,0	24,4	23,3
Преснов	15,1	18,9	24,2
Приешім	14,4	17,6	28,0
Совет	13,4	16,4	28,9
Мамлют	11,0	13,3	22,0
Ленин	9,8	10,9	21,2
Октябрь	5,2	6,1	16,8

Быйыл облыс колхоздарында көктемгі егіс жұмыстары өткен жылғыдан көп кеш басталды. Егіннен мол өнім алу және астық өндірісін шұғыл арттыру міндеті егіс жұмыстарын қысқа мерзімде сапалы өткізуді талап етеді. Осыған қарамастан колхоздарда егіс жұмыстары мүлдем баяу жүргізілуде. Осының салдарынан 10 майға дейін тұқым себу жоспары облыс бойынша 14,8 процент ғана орындалып отыр.

Егіс жұмыстарының қарқыны әресе, Октябрь, Ленин, Мамлют аудандарының колхоздарында өте мөте баяу. Быйыл Октябрь ауданының колхоздарында егіс көлемі тың және тыңайған жерлер есебінен өткен жылға қарағанда едәуір ұлғайтылады. Мұның өзі аудандық партия комитеті мен Совет аткомі басшыларынан, МТС директорларынан колхоздар мен трактор бригадаларының жұмысына күнбе- күн оперативті басшылық жасауды, жұмыстың жағдайын әрбір бригада бойынша күнбе- күн біліп, оларға іс жүзінде көмек көрсетіп отыруды қажет етеді. Алайда, аудандық партия комитетінің секретары Кундеренко, аудандық Совет аткомінің председателі Мусин, МТС директорлары Петров, Ломазов, Шишкин, Мальченко жолдастар колхоздарда егіс жұмыстарының ұйымдасқан түрде жүргізілуін қамтамасыз етпеді.

Ауданда 10 майға дейін тұқым себу жоспары 5,2 процент жер жырту жоспары 16,8 процент ғана орындалды.

МТС-тердің қамтуындағы көп бригадаларда жанар майдың уақытылы жеткізілуінен тракторлардың тоқтап тұруы жиі кездеседі. Мұнда 2220 трактор сағаты босқа өтті. Жанар

ОБЛЫС СОВХОЗДАРЫНДА ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

(10 майдағы мәлімет бойынша)

Жоспардың орындалу проценти

Совхоздар	Себілген дақылдар	
	барлығы	жер жырту
Киров	34,1	61,0
Чистов	30,8	100,0
Ұзынкөл	23,6	44,8
Совет	20,1	39,9
Қарағанды	18,5	16,1
Торангүл	17,4	26,9
Возвышен	17,3	23,6
Қыялы	15,1	94,0
Явленка	14,3	50,0
Мамлют	9,4	32,6
Шағлы	8,9	5,0
Қызылжар	8,3	34,7
Приешім	6,5	30,5
Преснов	5,4	48,4
Петропавл	3,2	—
Буденный	3,1	41,9
Октябрь	1,3	7,0
Тоқын	1,1	4,2
Степной	0,2	9,9
Булаев	—	100,0
Жданов	—	100,0
Маленков	—	85,8
Украин	—	30,0
Интернационал	—	23,5
Ешм	—	21,2
Жамбыл	—	21,1
Тимирязев	—	20,2
Дзержинский	—	14,1
Москварецк	—	14,1
Докучаев	—	7,0
Хрущев	—	7,0

Быйыл облыс колхоздары сияқты совхоздардың алдында да аса зор міндет тұр. Ол—егіс көлемін өткен жылғыдан едәуір мөлшерде ұлғайту және көктемде 26 мың гектар тың жер жырттып, оған тұқым себу.

Алдыңғы қатарлы совхоздардың коллективтері егіс жұмыстарын алғашқы күннен бастап ұйымдасқан түрде жүргізді. Ондай шаруашылықтарда тракторлардың қуаты дала жү-

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Бүгінгі басты міндет—барлық мүмкіншілікті көктемгі егісті тез және сапалы аяқтауға жұмылдыру (1-бет).
Балалардың жазғы демалысы (1-бет).
МАРКСТІК-ЛЕНИНДІК ТЕОРИЯНЫ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ
КВМЕК: Л. Слепов—СОКП Уставы—партия тұрмысының негізгі заңы (2,3-беттер).
О. Нұрсейітов. Егіншілер арасындағы саяси жұмыс өз дәрежесінде болсын (2-бет).

А. Сәрсенов. График бойынша жұмыс істейді (2-бет).
И. Яковенко. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне үлгілі әзірленейік (3-бет).
Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі (4-бет).
В. М. Молотовтың мәлімдемесі (4-бет).
Т. Көкімов. Жас талант (4-бет).

Төзгісіз жайбарақаттық

Полудень ауданының колхоздарында быйыл мал азығындық дақылдар егісінің көлемі едәуір ұлғайтылады. Мұндағы мақсат жемшөп базасындағы құнарлы азық қорының үлес салмағын барынша мөлайтеу болып отыр. Қолдан егілетін жемшөптік дақылдардың барлық түрінен мол өнім алуды қамтамасыз ету— ең алдымен бұл дақылдарды жақсы өңделген егістіктерге, агротехникалық қолайлы мерзімде, сапалы егуді дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Мұны аудан колхоздары өздерінің тәжірибелерінен жақсы біледі. Егер өткен жылы судан шөбінің әрбір гектарынан Чапаев атындағы колхоз 80 центнерден, Сталин атындағы колхоз 70 центнерден, «Красное знамя» колхозы мал азығындық қызылшаның гектарынан 250 центнерден өнім жыйнаса, бұл—дақылдардың жоғары сапада және агротехникалық қолайлы мерзімде себілуінің нәтижесі.

Аудан, МТС, колхоз басшылары озат шаруашылықтардың жемшөптік дақылдардан мол өнім алудағы тәжірибелерін кеңінен қолдана отырып, үстіміздегі көктемде де мал азығындық дақылдар егуді ерте бастан қолға алуды ұйымдастырулары керек еді. Бірақ, аудан колхоздарының нақтылы жағдайы мұның керісінше болып отыр.

Біздің облыстың ауа райы жағдайында көпжылдық екпе шөпті, сүрленетін күнбағысты, сұлыны, арпаны егуді көктемгі егіс жұмыстарының алғашқы кезінде, бидай егістерімен қатар жүргізу керек болады. Ал, аудан колхоздарында жаздық бидай себу басталғалы он күннен астам уақыт өтті. Содан бері колхоздарда егілуге тиісті 5500 гектар көпжылдық шөптің небары 800 гектары ғана себілді. Күнбағыс, сұлы, арпа дақылдарын себуді ауданда бірде-бір колхоз қолға алмай, кезекке қойып келеді.

Ол—ол ма, тіпті, кейбір колхоздар мал азығындық дақылдардың көптеген түрлерінің тұқыммен осы уақытқа дейін өздерін қамтамасыз етпеген. Мәселен, «Парижская коммуна» колхозында 200 гектар көпжылдық шөп егілуге тиіс болса,

дардың колхоздары мен МТС-тері көктемгі егісте жұмыстың барлық салалары бойынша артта қалып келе жатыр.

Мәселен, Ленин ауданында (ККП аудандық комитетінің секретары Плевако жолдас, аудандық Совет атқомінің председателі Вигоркин жолдас) Образцовой МТС-і егіс жұмыстарына аудан бойынша бірінші болып шықса да, әлі күнге дейін жер жыртудың, тұқым себудің күндіз, бескүндік танып-танымауы осындай алмай келеді. МТС 10 майға дейін егіс жоспарын 11 процент орындады. Бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздарда тракторлардың болмауы себептермен, кейде МТС және колхоз басшыларының жауапсыздығынан босқа тұрып қалу фактілері де кездесіп жүр. Осы айдың бас кезінде МТС қамтуындағы Молотов атындағы колхозда (председателі Лобач жолдас) кезінде өңдейтін аңызды белгілер бермегендіктен 3 күн бойына бір трактор босқа қарап тұрған. Бұл — колхоз председателі мен агроном Срыбный жолдастың егіс және трактор бригадаларында оқта-текте ғана болатындығының, әлі де босқа колхоз басшыларының найқалушылықтан арыла алмағандығының салдары. Олай болса, аталған колхоздың быйылғы көктемде 900 гектардан асатын және тыңайған жер көтеріп, оған тұқым себуі, барлығы 2900 гектар тың жер жырту жөніндегі міндеттемені кезінде орындай қоюы күмән туғызады. Өйткені, жерлері айтылғанындай, әлі күнге дейін мүмкіншілік толық пайдаланылмай, істе қарқын туғызылмай отыр.

Аудан басшылары «Новый путь» колхозын егіс жұмыстарын жақсы жүргізіп келе жатқан шаруашылықтардың бірі деп есептейді. Рас, мұнда атқарылған жұмыс көлемі танып-танымаға сай келетін сияқты. Алайда, аталған колхоздың егін даласында агротехникалық шаралар өрескел бұр-

ті. Мұны партия, еліміздің ауыл шаруашылығын өркендету мүддесі олардан талап етеді.

Мұндай кемшіліктер Петропавл, Конюхов, Преснов аудандарында да орын алған. Жергілікті партия, совет және ауыл шаруашылық орындарының кейбір басшылары егіс жұмыстары қарқынының баяу болуына быйылғы көктемнің кеш шығуы себеп болып отыр деп дәлелдегісі келеді. Бірақ, соңғы бескүндікте күн райының жақсы болуына қарамастан егіс жұмыстарының қарқынында соншалықты өрлеу байқалмайды. Олай болса, жұмыстың нашар болуына ең алдымен істі ұйымдастырушылар кінәлі. Өйткені, олар барлық күш-жігерді, мүмкіншілікті алда тұрған міндетті ойдағыдай шешу күресіне жұмылдыра алмай отыр.

«Көктемгі бір күн — жылы азық» — дейді халық мақалы. Мұның өзі әрбір сағат уақытты мейлінше жоғары өнімді пайдалану керек деген сөз. Бұлай істеуге қажеттінің бәрі бар.

Табысқа жетудің бірден-бір тиімді шарты — социалистік жарысты кең өрістету. Колхозшылардың МТС және совхоз механизаторларының алған міндеттемелерін орындау жолындағы күресін парменді түрде ұйымдастыру көктемгі егістің тағайындалған мерзімде өткізілуін қамтамасыз ететіндігі сөзсіз. Бұл күресті жергілікті партия, комсомол ұйымдары бастауға тиіс. Сонда ғана елімізде бүкіл ауыл шаруашылық өндірісінің негізі — астық өндірісінің шұғыл арттыру ісіне келетін үлес қосуға болады.

Облыс егіншілері, егіс жұмыстарының барысында жол берілген олқылықтарды дереу жойып, көктемгі егістің кәзіргі шешуші кезеңінде барлық күш-мүмкіншілігімізді мейлінше тиімді пайдалатын болайық. Сөйтіп, партия мен Отан алдындағы борышымызды аброймен орындайық!

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ

КВОО секретариаты 1954 жылы жұмысшылар мен қызметшілер балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады.

Быйылғы жазда пионер лагерлерінде 7 жастан 15 жасқа дейінгі 2.650 мың бала 26 күннен дем алады. Сауықтыру лагері мен балалардың туристік базаларында 8—9 кластардың 100 мың оқушысы болады.

Кәсіподақ ұйымдары, пионер және сауықтыру лагерлерінің қызметкерлері пионерлер мен мектеп оқушыларының мазмұнды, көңілді және қызықты демалуы үшін барлық жағдайларды жасап, тәрбие жұмысындағы формальділік пен бірсарындылықты батыл жоюға міндетті. Балаларды совет халқының жемісті жұмысымен, туған өлкесінің тұрмысымен кеңінен таныстыру, балалардың жұмыс-

шылармен, колхозшылармен, ғалымдармен және қоғам қайраткерлерімен кездесуін ұйымдастыру, пионерлер мен мектеп оқушыларын олардың ынта-жігерін көтермелеп, өрістете отырып, қоғамдық пайдалы жұмысқа батыл тарту қажет.

Әрбір лагерге педагогтардың басшылық етуімен көркемөнерпаздар және бейнелеу искусствосы үйірмелерін құру ұсынылады. Балалар арасындағы техникалық творчестволық және жас натуралистік жұмыс балалардың политехникалық оқуына көмектесіп, олардың алған білімдерін тәжірибеде, әсіресе, ауыл шаруашылығы саласында қолдануға үйретуге тиіс. Демалысында жорық, экскурсиялар жасап, костерлер жағу, әртүрлі спорт жарыстарын ұйымдастыру сияқты түрлерін өрістетіп, жетілдіру керек.

«Дала қызы» фильмін түсіру

Алматы киностудиясы Р. Фатүевтің сценарий бойынша жасалған жаңа көркемсуретті «Дала қызы» фильмін түсіре бастады.

Фильмді қоюшы режиссерлер К. А. Чекель және Қазақ ССР-нің халық артисі Ш. Айманов. Жаңа фильмнің музыкасын Сталиндік сыйлықтың лау-

реаты композитор Е. Г. Брусиловский жазып жатыр.

Фильмде совет өкметі білімге, мәдениетке, белсенді қоғам қызметіне жол ашқан даладағы ауылда өскен қазақ қызының тағдыры туралы баяндалады.


(ҚазТАГ).

жылдық жеткізіледі. 201 трактор сағаты, техникалық жарамсыздығынан 177 трактор сағаты және басқа да себептермен 1722 трактор сағатының босқа өтуі аудан және МТС басшылары тіпті де қынжытатын емес. Торанғұл МТС-інде егіс жұмыстарының орындалуы 4 процентке де жетпейді.

Быйыл Ленин ауданының колхоздары дәнді дақылдар егін облыстың қай ауданынан болсын көп егеді. Бірақ, бұл ауданның колхоздарында егіс жұмыстарының қарқыны нашар екендігін атап айтуымыз керек. Аудан бойынша тұқым себу жоспары 9,8 процент, көктемде жер жырту жоспары 21,2 процент ғана орындалған. Бұл неліктен? Мұны аудандық партия комитеті мен Совет атқомінің басшыларының көктемгі егіс жұмыстарына күнбе-күн іскер басшылық жасамауларынан деп түсіну керек. Аудан басшылары колхоздарға, трактор бригадаларына бармайды деуге болмайды. Олар барғанымен де іске оперативті басшылық жасамайды.

Облыс еңбекшілерін картон, овощь өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатымен быйыл колхоздарда бұл дақылдардың көлемі ұлғайтылып, оның 60 процентінен астамы шаршыуалы өдіспен егіледі. Бұл міндетті орындауда Петропавл ауданының (ККП аудандық комитетінің секретары Қабдунасов, аудандық Совет атқомінің председателі Ыбыраев жолдас) колхоздары шешуші роль атқарады. Алайда, аудан бойынша небары 9 гектар жерге ғана овощь дақылдары отырғызылды. Ал, Асанов МТС-нің қамтуындағы бірде-бір колхоз бұл іске кіріспеген.

Көктемнің егіс егуге қолайлы мерзімдері өтіп барады. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауыл шаруашылық органдары егіс жұмыстарының барысында орын алған кемшіліктерді дереу жоюдың нақтылы шараларын белгілеп, оның мінсіз жүзеге асырылуына жетісулері керек.



СУРЕТТЕ: Булаев ауданындағы жаңадан ұйымдастырылған Булаев астық совхозында жоспардан тыс тың жер жырту. Суретті түсірген А. Розенштейн.

мұстарында тәулік бойы өнімді пайдаланылып келеді.

Алайда, совхоздардағы техника күшінің молдығына қарамастан көпшілік совхоздарда егіс жұмыстарының қарқыны мүлдем баяу. Істің жайы, әсіресе, астықты совхоздарда өте-өте нашар. Мысалға Қыялы совхозын алуға болады. Бұл совхозда 11 мың гектардай дайын жер бар. Бұл жерлердің көпшілігі тұқым себуге әзір. Бірақ, совхоз басшылары (совхоз директоры Солонин жолдас) осы уақытқа дейін дайын учас-токтерге тұқым себуді ұйымдастырмай-ақ келеді. Міне, сондықтан да мұнда егіс егу жоспары небары 15,1 процент ғана орындалды.

Үстіміздегі жылы Октябрь және Степной совхоздарында егіс көлемі өткен жылдан екі есеге жуық ұлғайтылады. Степной совхозы көктемде 4313 гектар жерді жырттып, тұқым себуге тиіс. Мұның көпшілігі тың және тыңайған жерлер. Алайда, осы уақытқа дейін совхозда жер жырту жоспарының 10 проценттейі ғана орындалған. Ал, совхозда 3 мың гектардан астам дайын жер бола тұрса да, оған тұқым себілген жоқ десе де болады.

Облысымызда жаңадан 12 совхоз ұйымдастырылды. Бұл совхоздарда 11 мың гектарға жуық егіс егіледі. Бірақ, олардың бірде-бірі егіс егуге кіріскен жоқ. Бұған совхоздар трестінің директоры Зенченко және трестің бас агрономы Кафарона жолдасар кінәлі. Трест жаңа совхоздардың біразын осы уақытқа дейін тұқым сепкіштермен, тұқымдық дәнмен қамтамасыз етпеген.

Кәзіргі уақыт ырғалып-жырғалуды көтермейді. Сондықтан совхоздардың дирекциялары мен партия ұйымдары егіс жұмыстарындағы орын алған кемшіліктерді дереу жойып, істе жаңа қарқын туғызулары керек.

оның тек 50 гектарына жететіндей ғана тұқым бар. Колхоз председателі Ключев жолдас жетпейтін тұқымдарды тез тауып алуды қарастырудың орнына: «мал азығындық дақылдар егуге уақыт әлі бар ғой, тұқымды кейінірек іздестірмесек, кәзір қол тиер емес» деген теріс және зиянды пікірдің шырмауында отыр. Сол сияқты, Ленин атындағы, «Красное знамя» колхоздарында беде, көкшөп және көпжылдық шөп егістерінің тұқымдары, Сталин атындағы колхозда моғар, судан шөптерінің тұқымдары мүлдем жоқ. Ал, оларды іздестіруді бұл колхоздарда ешкім ескеретін де емес.

Колхоздарда мал азығындық дақылдар егісінің төзгісіз кешіктіріліп отырғанын, онымен бірге, көп колхоздарда жем шөптік дақылдардың тұқымы жетпейтінін аудан басшылары жақсы біледі. Олар өткен жылы да мал азығындық дақылдар егуге бірқатар колхоздардың басшылары мен бермеуі салдарынан, мал үшін құнарлы азық өте аз дайындалғанын, ал, мұның өзі қыста құнарлы азықтың тапшы болуына әкеліп соққанын да жақсы біледі. Солай бола тұрса да, аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі құнарлы мал азығындық дақылдар егісін оның барлық түрлері бойынша жоспарланған мөлшерде және агротехникалық қолайлы мерзімде егуді МТС, колхоз басшыларынан қатаң талап етпей отыр. Ол-ол ма, тіпті, аудандық Совет атқомінің председателі Засыпкин жолдастың «мал азығындық дақылдарды себудің қолайлы мерзімі өтіп бара жатқанына дауымыз жоқ. Бірақ, аудан колхоздарында бидай егуге дайын жатқан 20 мың гектар жер бар. Осыны бір реттеп алмай, жемшөптік дақылдар егуге кірісуге мұршамыз келетін емес» деген сөздері шіміркіпестен айтуына таңымыз бар.

Мал азығындық дақылдар егуді бұдан әрі кешіктіруге және кезекке қоюға тіпті де болмайды. Сондықтан бұл жұмыстағы жайбарақаттыққа, кезек күттіршілікке қарсы күресті күшейту, құнарлы жемшөп егісін жақсы жұмысталған жерге, агротехникалық ережелерге сай егуді қамтамасыз ету Полудень ауданы басшыларының бүгінгі аса маңызды міндеттерінің бірі.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Үздік еңбек

Е. Черкасова жолдастың Каганович атындағы колхоздың товарлы сүт фермасында (Совет ауданы) бұзау күтуші болып жұмыс істей бастағанына 10 жылдай уақыт өтті. Өз ісіне ұқыпты қарауы және зоотехниктермен үнемі кеңесіп отыруы нәтижесінде ол жыл сайын қарауындағы бұзауларды шығынсыз әрі қоңды өсіріп келеді. Өткен жылы Черкасова жолдас 104 бұзауды өсіріп шығарды. Кәзіргі кезде де ол бұзауларды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес бағып, күтіп олардың әрқайсысының тәуліктік салмақ қосуды тиісті нормадан арттыруға жетісіп жүр.

Колхоз басшылары озық бұзау күтушінің үздік еңбегін жоғары бағалап, оған бірнеше рет бағалы сыйлықтар берді.

В. ЛИЗУН

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

ЕГІНШІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ЖҰМЫС ӨЗ ДӘРЕЖЕСІНДЕ БОЛСЫН

Преснов ауданының бастауыш партия ұйымдары егіншілер мен механизаторлар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарына анағұрлым жақсартып, оларды көктемгі егісті қысқа мерзім ішінде аяқтап шығу-күресіне жұмылдырып келеді. Колхоз, совхоз және МТС партия ұйымдары көктемгі егіс басталмастан бұрын үгіт коллективтерінің құрамын қайта қарап, оларды қолынан іс келетін білімді, тәжірибелі үгітшілермен толықтырды. Көктемгі егіс күндерінде жүргізілетін үгіт-бұқаралық жұмыстарының жоспарын жасап, қабырға газеттерінің және жауынгерлік листоктердің редакторларын партия жыйналыстарында бекітті. Мұның өзі саяси жұмысты өткен жылдарға қарағанда анағұрлым жақсартуға, сентябрь және февраль-март Пленумдары қойған міндеттерді орындау күресіне егіншілер мен механизаторларды кеңінен жұмылдыруға мүмкіндік беруде.

Бұл күндері ауданның колхоздары мен совхоздарының және МТС-терінің трактор бригадалары мен дала қостарында 300-ден астам үгітшілер мен қабырға газеттерінің редакторлары жұмыс істеп жүр. Олар партия ұйымдарының басшылығымен аудан еңбекшілеріне СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулыларын, ССРО Жоғарғы Советі сессиясының материалдарын түсіндіруде, еңбек озаттарының жұмыс тәжірибелерін насихаттап, оларды көпшілік игілігіне айналдыру ісіне ат салысуда.

Ауданның бірқатар партия ұйымдары саяси-бұқаралық жұмыстың нәтижесі шаруашылық жұмыстарының барысымен бағаланатынын түсініп, бұл мәселеге аса зор маңыз беруде. Мысалға Приешім совхозының партия ұйымын алайық. Бұл партия ұйымының есебінде 44 коммунист бар. Олардың барлығы да жұмыстың жауапты учасқтарына бөлінген. Совхоздың фермалары мен трактор бригадаларында 98 коммунист пен комсомолец, партияда жоқ активтер үгітші болып істейді.

Партия ұйымы, оның секретары К. Бабақов жолдас үгітшілермен айта сайын семинар кенестерін өткізіп тұрады. Онда кезекті әңгімені қалай өткізу жөнінде үгітшілерге нұсқау беріледі. Ал, үгітшілер түрлі тақырыпта баяндамалар жасап, тәжірибе ауыстырады.

Совхозда саяси жұмыстың идеялық жоғары дәрежеде жүргізілуі шаруашылық жұмыстарын ілгерілетуге де көп әсерін тигізуде. Совхоз көктемгі егісті ұйымшылдықпен бастады. Барлық трактор

бригадалары мен жекелеген механизаторлар социалистік жарысқа ұштасып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. Приешім совхозының механизаторлары көктемгі дала жұмыстарын 20 майға дейін аяқтауға серт берді. Көзір олар осы алған міндеттемелерін орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Ауданның Ленин атындағы, Молотов атындағы, Хрущев атындағы, «Победа» және басқа колхоздарында да үгіт-бұқаралық жұмыстары жақсы ұйымдастырылған. Бұл колхоздарда үгітшілер дала қостары мен трактор бригадаларында жиі болып, егіншілер мен механизаторларды жаңа еңбек табыстарына жігерлендіріп отырады.

Көктемгі егіс күндерінде егіншілер мен механизаторларды мәдениетті қамту мақсатымен ауданда 13 мәдени-үгіт бригадасы құрылды. Олардың бәріне де арнаулы жүк машинасы бөлінген. Машиналар ұрандармен, плакаттармен безендірілген. Оның ішінде шағын кітапхана, үгітшілерге қажетті көмекші материалдар бар.

Мәдени-үгіт бригадаларының құрамына ауыл-селолық интеллигенция тартылды. Олар трактор бригадаларында жиі болып, ауыл шаруашылығы жөнінде, халықаралық жағдай туралы және басқа тақырыптарда лекциялар оқып, баяндамалар жасайды. Көркемөнершілердің жүшімен егіншілерге концерттер қойып береді.

Аудандық Мәдениет үйінің жанынан құрылған мәдени-үгіт бригадасының құрамында 17 адам бар. Оны аудандық Совет атқомі мәдениет бөлімінің нұсқаушысы С. Төлегенов жолдас басқарады. Көзір бригада аудан еңбекшілерін лекциялармен, концерттермен қамтып жүр.

Мәдени-үгіт бригадасы сәулелі газеттер мен жауынгерлік листоктер шығаруға да белсене араласты. Онда сменалық тапсырмаларын асыра орындап жүрген егіншілер мен механизаторлардың жақсы көрсеткіштері жазылып, насихатталады, колхоз өндірісіне немқетті қарайтын кейбір колхозшылар қатаң сынға алынады.

Жақында мәдени-үгіт бригадасы Жамбыл атындағы колхозда сәулелі газет шығарды. Газетте жыл бойы тиісті еңбек күн минимумын таппаған Сақын Мыржықова және басқа колхозшылар сынға алынды. Газет бетінде бұл адамдардың сынға алынуы өзінің айтарлықтай нәтижесін берді. Көзір Сақын Мыржықова және басқа еңбекке тартылмай жүрген колхозшы әйелдер колхоз өміріне араласып, белсене жұмыс істеп жүр.

Алайда, ауданның барлық колхоздарында істің жайы бірдей емес. Кейбір

колхоздарда саяси жұмыстың дәрежесі тым төмен. Үгітшілер бригадаларда өте сирек болады. Қабырға газеттері де мерзімімен шығарылмайды. Бұған алдымен бастауыш партия ұйымдары кінәлі. Өйткені, мұндай партия ұйымдары үгітшілермен нақтылы жұмыстар жүргізіп, оларға қатаң талаптар қойып, оның орындалуын бақылауға алмайды.

«Сталин жолы» колхозының партия ұйымы (секретары С. Оразалин жолдас) үгіт коллективінің құрамын білімді, тәжірибелі үгітшілермен толықтырмады, көктемгі егіс кезіндегі үгіт-бұқаралық жұмыстардың жоспарын да жасаған жоқ. Колхозда жылжымалы кітапхана жұмыс істемейді. Үш дала бригадасының бірде-бірінде дала қосы жоқ. Егіншілер арасында ешқандай саяси жұмыс жүргізілмейді десе де болады. С. Оразалин жолдас колхозда қанша үгітші барын, олардың қай жерлерде, не істен жүргенін де білмейді. Калинин атындағы колхозда да істің жайы дәл осындай. Үгітшілер Кенжетасева, Молдахметов жолдас өз жұмыстарына немқетті қарайды, егіс бригадаларында оқта-текте ғана болады, механизаторлармен әңгімелеспейді, оларды болып жатқан оқығалармен таныстырып отырмайды.

Баян МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да саяси-бұқаралық жұмыстың жайы нашар. МТС аймағындағы топ нұсқаушылары Лукьянов, Әлкенов жолдас шаруашылық мәселелерімен көбірек айналысып, саяси-бұқаралық жұмысты жақсарту жөнінде әзірге мардымды ешнәрсе істей алмай жүр. Мәселен, Әлкенов жолдас Абай атындағы колхозда тұрады. Бірақ, оның мұнда болуының партиялық-саяси жұмысты жақсартуға әсері жоқтың қасы.

Егіншілер мен механизаторларға арнап, лекциялар оқуда бірталай кемшіліктер бар. Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесі біздің ауданға лекцияларды өте аз жібереді.

ҚКП аудандық комитеті егіншілер мен механизаторлар арасындағы саяси-бұқаралық жұмысты жақсарту арқылы аудан еңбекшілерін СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдары қойған міндеттерді орындау күресіне жұмылдыра береді. Сөйтіп, көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде сапалы аяқтап, мол өнім алуға жетеседі.

О. НҮРСЕЙІТОВ,

ҚКП Преснов аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Тығыз ынтымақ

Жамбыл атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) егіншілері Семиполка МТС-нің № 9 және № 10 трактор бригадаларымен

бригадаларында 17 үгітші үнемі әңгіме өткізіп, дауыстап газет оқыйды, жауынгерлік

Теміржолшылар күніне лайықты тартулар әзірлейік!

График бойынша жұмыс істейді



Петропавл паровоз депосының төкарі П. Некрасов өндірістік тапсырманы күн сайын екіжарым — үш нормадан асыра орындап, өнімінің сапасын жақсартта түсуде.

Суретте: П. Некрасов жолдасның өнім сапасын байқап тұрған кезі. Суретті түсірген А. Рәзинингея.

Жоғары көрсеткіштер

Петропавл паровоз депосының жұмысшылары жылдық жоспарды мерзімінен бұрын және артығымен орындау жолында аянбай еңбек етуде.

Еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өндірістік жоспарды мінсіз орындау күресінде депоның алдыңғы қатарлы жұмысшылары күрделі табыстарға жетіп келеді. Жоғары еңбек өнімділігін беріп келе жатқан бригадалардың бірі — П. Уменов жолдас басқарған бригада. Бұл бригаданың мүшелері паровоз жөндеуде және оның бөлшектерін дайындауда күрәл-жабдықтар мен жұмыс уақытын толық пайдаланып, сменалық тапсырмаларын күн сайын 140—150 проценттен орындап жүр.

Ал, жекелеген жұмысшылар еңбектің бұдан да жоғары үлгілерін көрсетуде. Аталған бригадада еңбек үлгісін көрсеткендер жөнінде сөз болғанда В. Суворов, П. Петров, С. Түйғышбаев, В. Черепанов жолдасардың есімі бірінші аталады. Бұл жолдасар Москва қаласы мен Москва облысының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының коллективтері еңбек өнімділігін оған әрі арттыра түсу жолындағы социалистік жарысқа қосылуға шақырғанда оның депода алғашқылардың бірі болып

Ымырт жабылған кез. Уақына енген күннің қызыл күрең шаңғы да енді көрінбей кеткен. Осы шақта тұс-тұстай жылт-жылт етіп жағылған электр шамдары мен қуатты прожекторлардың отты сәулесі айналаны жарқыратып жіберді. Әр жерден ауыр жүк тиеген паровоздардың өктем дауысы, болат балғалардың темір детальдарды тық-тық ұрған, түңгі сменалда жұмыс істейтін жолшылардың бір-бірімен күбірлесіп сөйлескен дыбысы оқтын-оқтын естіледі.

Петропавл станциясының үшінші жолына жаңа ғана келіп тоқтаған составтың жанынан техникалық бақылау пунктін жұмысшылары көрінеді. Олар вагондардың автотормоздарының, бұғыларының және басқа да бөлшектерінің техникалық жайын зейін қоя тексеріп жүр. Жарамсыз деп тапқан бөлшектерге бормен белгі соғады. Бұлардың ізінше слесарьлар табылған ақауларды түзеп те үлгерді. Состав келесі сапарға белгіленген уақыттан 18 минут бұрын әзір етілді.

Депо кезекшісі паровозды да составты сүйреуге мезгілінде берудің шараларын белгілеген еді. Ол бас кондуктормен бірге машинист Герман Демидовке бүгінгі сапарының жайын түсіндірді. Оған берілгені отырған состав Петропавл станциясына графиктен жарты сағатқа кешігіп келген. Виді оны қайткен күнде де график бойынша жүргізу керек. Оның үстіне составқа тиелген жүк те жол үстінде бөреді күшейді. Ол—тың жерлерді игеретін жаңадан ұйымдастырылған совхоздарға арналған. тракторлар, плугтер, құрылыс материалдары.

Бригада мүшелерімен келісіп, сенімге келген Демидов поездды жоғары жылдамдықпен жүргізіп, составты алдағы станцияға график бойынша жеткізетінін білдірді. Бесжүзінші сапарға шығар алдында диспетчер Елизавета Короткевич селекторға шақырын алып.

—Поездың салмағы нормадарыдан 420 тонна артық. Оны бір паровозбен станцияға дәл уақытында жеткізуге бола ма? —деді.

—Неге болмайды? —деп жауап берді машинист.—График бойынша жеткізуге тырысамын.

—Саған «жасыл көше» беріледі. Тапсырысты орындайды деп сенемін.

—Орындаймын, жолдас диспетчер, —делі ол.

Бұл сөзді Герман Демидов сеніммен айтты. Жыл басында ол ай сайын кемінде үш ауыр салмақты составты жүргізуге, техникалық жылдамдық бойынша норманы бір километрге асыра орындауға және 15 тонна отын үнемдеуге міндеттенген еді. Бірінші май қарсаңында бесжүзінші машинистің есебіне үнемделген 65 тонна көмір, жоспардан тыс жүздеген тонна отын үнемделгені көрсетілген.

өтті. Екіін күшін ұтымды пайдаланған машинист аса қыйын учасқтардың өзінен составты оңай алып, өтіп отырды.

Артта бірнеше километр жол қалды. Тәжірибелі машинист әрбір километр сайын бір-екі минут ұтып отырды.

Алдан семфордың оттары, Макушино теміржолшылар поселкасының электр шамдарының жарықтары жылтыран көрінді. Герман Демидов, сағатына қарады. Поезды ол станция жолына графиктен 38 минут бұрын жеткізген екен.

Паровозын депоға қойып комсомолец машинист осы жолғы сапарының қорытындысын шығарды. Техникалық жылдамдықтың нормасы біржарым километрге артық орындалған. 600 килограмм отын үнемделген. Қуанарлық нәтиже!

Бұл Герман Демидовтың сәтті сапарларының алғашқысы емес еді. Ауыр жүк тиелген поезддарды бір локомотивпен жүргізудің бастаушысы болған жас машинист әрбір жол жүру сапарында норманы барлық көрсеткіштер бойынша асыра орындайды, 600—700 килограмм көмір үнемдейді. Локомотивті шаруашылық есепке көшірген бригада паровоздың жүрегі—казанды және басқа механизмдерді де жақсы техникалық күтімде ұстайды. Бұл машинаның жөндеуге қою уақытын ұзартуға, мыңдаған сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Өзінің іс тәжірибесі, жұмыс әдісі жөнінде ол паровозшылар алдында баяндамалар да жасайды. Тапсырылған жұмысқа адал қарағанда, техникалық ережелерді дәл сақтағанда ғана табысқа қол жетеді. Ерінбей еңбек сүйетін комсомолец Герман Демидов паровозшылардың құрмет-қошеметіне ие болған. Бай тәжірибесі бар аға машинистердің өзі одан кеңес көмек алуға келеді. Бұл табиғи да. Ол еліміздің таңдаулы паровозшыларының озат іс әдістерін жете меңгеріп, жарыста үздік шыққан машинист.

Петропавл паровоз депосында комсомолец машинист Герман Демидовтың қатарына теңелгендер көп. Жас машинист өзі де басқа паровозшылардан білмегенін сұрап, түсінік алудан қашпайды. Герман Демидовпен бір паровозда кезектесіп істейтін Владимир Жильков та еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Оның ұқыптылығы, еңбек сүйгіштігі арқасында «СО-14—05» локомотиві жақсы техникалық күтімде, поездаралық жөндеуге қойылу дегенді тіпті білмейді. Локомотив үздіксіз жұмыс істейді, техникалық жылдамдық бойынша норманы бір километрге асыра орындауға және 15 тонна отын үнемдеуге міндеттенген еді. Бірінші май қарсаңында бесжүзінші машинистің есебіне үнемделген 65 тонна көмір, жоспардан тыс жүздеген тонна отын үнемделгені көрсетілген.

Бұл сөзді Герман Демидов сеніммен айтты. Жыл басында ол ай сайын кемінде үш ауыр салмақты составты жүргізуге, техникалық жылдамдық бойынша норманы бір километрге асыра орындауға және 15 тонна отын үнемдеуге міндеттенген еді. Бірінші май қарсаңында бесжүзінші машинистің есебіне үнемделген 65 тонна көмір, жоспардан тыс жүздеген тонна отын үнемделгені көрсетілген.

тың және тыңайған жерлерді игеру астық өндірісін ұлғайтатынын, оның қолхоз экономикасын нығайтатынын көрсететін шаруашылық есептер жазылған плакаттар, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының жарыс шарты, қолхозшылар мен механизаторларды қажырлы еңбекке шақыратын ұрандар бар.

Осы сияқты, бригада мен бригаданың, жеке егіншілердің арасындағы социалистік жарыс шарттары көрнекі жерге ілінген. Егіншілердің күнделікті жұмыс нәтижелері көрсеткіш тақталарына жазылады. Қос басындағы көрнекі үгіт егіншілерді өнімді еңбек етуге жігерлендіреді.

Қ. ТЕМІРОВ.

ның механизаторларымен тығыз ынтымақ жасап, көктемгі дала жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізуде. Олар көктемгі егіс үшін тың жер жұртуды мерзімінен бұрын орындап, оған жаздық қатты бидай себуді бүгін-ертең аяқтағалы отыр.

Колхоз және станция партия ұйымдары егіс және трактор бригадаларында бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен ұйымдастырып, қолхозшылар мен механизаторлардың социалистік жарысының барған сайын қызы түсуіне ықпал жасап отыр. Тракторшылардың вагоншалары мен мәдени қостарында радиоқабылдағыштар бар, қызыл мүйіздер ұйымдастырылды. Трактор және егіс

заттар мен колхозшылардың жұмыс тәжірибелерін насихаттайды.

Жақында трактор және егіс бригадалары бойынша көктемгі егістің алғашқы күндеріндегі социалистік жарыстың барысына қорытынды жасалды. Социалистік міндеттемелерін орындауда тракторшылар Иванов, Брянецев, Қажығұмаров жолдастар жоғары көрсеткіштерге ие болды. Социалистік жарыстың қорытындысына арналған әңгімелер ұйымдастырылады. Жауынгерлік листоктердің кезекті нөмерлері шығарылды.

А. ТӨКЕНОВ.

Көзір аталған жұмысшылар берген сөздеріне лайық еңбек етіп жүр. Олар емен сайын норманы 200 процентке дейін орындап, еңбек өнімділігін екі есе арттырды.

Мен өзім депода слесарь болып істеймін. Еңбек өнімділігін арттырып, табыстан табысқа жету — бәріміздің де төл ісіміз. Істес жолдастарымнан қалыспай мен де еменалық тапсырманы ұдайы асыра орындап жүрмін.

Бұл табыс шегі емес. Еңбектің озат әдістерін өндіріске батыл енгізе отырып, алдағы уақытта жаңа өндірістік табыстарға жетеміз.

Б. НҰРМАҒАНБЕТОВ,
Паровоз депосының слесары.

10 ауыр салмақты поезд жазылды.

...Көмекшісі Николай Федченко мен көчегар Әнуар Жигашинге сапардың қыпайдығын айтқан аға машинист олардан өздерінің міндеттерін тынақты атқаруды өтінді.

— Отын жайын жақсы байқандар, от біркелкі күшті жанатын болсын. Су алатын пункттен тоқтамай өтеміз.

Жүруге белгі беріп, машинист қолымен реверстің рычагын басты. Поезд орнынан балу қозғалып жүрді. Семофордан шыға бере-ақ ол жоғары жылдамдық алды. Герман Демидов көз алдынан бірде-бір жол белгісін қалдырмай мұқият қараумен келеді. Өрге жақындағанда бригада жылдамдықты күшейтіп, одан жеңілі

маңдықтағы машинист дәрежесіне дейін көтерілді.

Антон Слюнько осы жылдың төрт айы ішінде 17 ауыр салмақты поезд жүргізіп, 60 тонна көмір үнемдеді. Барлық поезддарды график бойынша жеткізіп отырды.

Петропавл паровоз депосының ауыр салмақты поезддарды шебер жүргізушілердің табысы сүйсінерліктей. Жыл басынан бері олар жүздеген ауыр салмақты поезддарды шапшаң жүргізіп, мыңдаған тонна жүкті жоспардан артық тасыды. Отан үшін, халық игілігі үшін еңбек ету — бұл ұйымшыл коллектив паровозшыларының ең құрметті ісіне айналуда.

А. СӨРЕНОВ.

МАРКСТІК-ЛЕНИНДІК ТЕОРИЯНЫ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

СОКП Уставы — партия тұрмысының негізгі заңы

Совет Одағының Коммунистік партиясы советтік қоғамның ұйымдастырушы және дем беруші күші болып табылады. Партияның дұрыс басшылығы арқасында совет халқы елімізде коммунизм орнату ісінде бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістерге жетті.

Партияның коммунистік құрылысқа басшылығының ұлы күші — ол жасаған саясаттың негізі жеңімпаз, Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің дүниені қайта өзгертуші революциялық ілімінде екендігінде. Біздің партия ұйымдастыру мәселесіне, партия басшылығының Ленин жасап берген принциптерінің, партия тұрмысының нормаларының, партия Уставы талаптарының орындалуына аса зор маңыз береді.

СОКП XIX съезі қабылдаған партия Уставы ұйымдастыру принциптерінің дамуындағы жаңа, жоғарғы кезең болып табылады, партия жыйнақталған партия құрылысы тәжірибелерін ғылыми қорытады. Бұл Устав партияның алдында тұрған тарихи жаңа міндеттерге толық сай келеді. Ол партия жасап берген саясатты, елімізде коммунизм орнату міндеттерін орындауға партия күшін жұмылдырудың қуатты құралы болып табылады.

ПІКІРЛЕС-КОММУНИСТЕРДІҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ОДАҒЫ

Уставта біздің партиямыздың анықтамасына толық терең тарихи мән беріледі. Совет Одағының Коммунистік партиясы — жұмысшы табының, еңбекші шаруалардың және еңбекші интеллигенцияның адамдарынан ұйымдасқан пікірлес-коммунистердің ерікті жауынгерлік одағы.

Коммунистік партия империализм және пролетарлық революциялар заманында жұмысшы табының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін жұмысшы қозғалысының негізінде өсіп, нығайды. Ол жаңа типті партия, социалистік революцияның және пролетариат диктатурасының партиясы ретінде дамып, шыңдалды. Жұртқа мәлім, ескі социал-демократиялық партиялар жұмысшы табының

революциялық күресіне басшылық ету үшін мүдде жарамсыз болды. Бұл партияларды марксизмге қарсылар, оппортунистер, империализмнің малайлары, буржуазияның жұмысшы қозғалысындағы агентуралары басқарды.

II интернационализмнің партиялары идеялық және ұйымдастыру жағынан біртұтас болмады. Олар маркстік және оппортунистік элементтерден, революцияның достары мен дұшпандарынан, партиялықтың жақтаушылары мен дұшпандарынан шыққандардың қойыртынағы, мешандық болды. Мұның өзінде партиялықты жақтаушылар оның дұшпандарымен бірте-бірте бітісіп, оларға бағынып кетті.

II интернационализм партияларының мұндай саясаты мен практикасы бұл партияларда жұмысшы табы жауларының, социалистік революцияға қарсылардың басым болуына әкеп соқпай қоймайтыны айқын еді, шындығы да соған әкеп соқты. Мұндай партиялар тұрғанда жұмысшы табына буржуазияны жеңу жөнінде ешнәрсе ойлауға да болмайтыны айқын еді. Пролетариатқа жаңа негіздерге құралған жаңа партия қажет болды.

В. И. Ленин жаңа типті партияның — Коммунистік партияның негізін жасады, оны идеологиялық, теориялық, саяси және ұйымдастыру жағынан әзірледі.

Коммунистік партия әуел бастан-ақ II интернационализм партияларының принциптеріне қарама-қарсы шын мәніндегі революциялық принциптер негізінде құрылды. Біздің партия пікірлес-коммунистердің жауынгерлік одағы ретінде біртұтас, болаттай берік ұйым болып тәрбиеленіп, шыңдалды.

Коммунистік партия пікірлестердің жауынгерлік одағы деп аталады, өйткені оның мүшелерін мүдде және күрес мақсаттарының ортақтығы біріктіреді. Коммунистік партия өзінің бүкіл қызметінде маркстік-лениндік теорияны басшылыққа алады. Осы ұлы ілім партияның туы, күрделі тарихи жағдайлардың жайын жетік бағдарлауға, оқыйғалардың барысын

болжауға және өзінің саясатын қатесіз анықтауға мүмкіндік беретін сенімді қорғаушы болып табылады.

Бірақ, партияның пікірлес-коммунистердің жауынгерлік одағы болуы үшін идея бірлігі жеткіліксіз. Бұған қоса партия қатарының жоғары ұйымшылдығы, қатаң тәртібі және топтасқандығы болуы қажет.

Коммунистердің ортақ саяси көзқарасы, олардың партияның программасы мен тактикасын мойындауы жауынгерлік ұйыммен нығайтуға тиіс. Осыдан барып партияның аса маңызды талабы: партия мүшелері партияның программасы мен тактикасын мойындауымен қатар, оның ұйымдық принциптерін де мойындауға тиіс. Коммунистік партия жауынгерлік партия, революциялық қыймыл партиясы болып табылады. Сондықтан оның көзқарастарын формальды мойындау партияны қанағаттандыра алмайды. Партия өзінің мүшелерінен коммунизмнің жеңісі үшін жанқиярлықпен, шексіз берілген күресуді талап етеді. Кім де кім біздің партияның мүшесі болғысы келсе, ол партияның көзқарастарын қабылдаумен ғана тына алмайды, оның борышы — осы көзқарастарды жүзеге асыру үшін, оларды іс жүзіне асыру үшін жанқиярлықпен күресу.

Демек, Коммунистік партия программалық, тактикалық және ұйымдық көзқарастар бірлігі негізінде ғана құрылмайды, сонымен бірге партия түгелдей, оның жергілікті ұйымдары және әрбір коммунист партияның сара жолын іс жүзіне асыру үшін белсене күресу негізінде құрылады. Осының бәрі партияны пікірлес-коммунистердің жауынгерлік одағына айналдырады, оны коммунизм үшін күресте еңбекшілердің дем берушісі және ұйымдастырушысы ролін атқаруға қабілетті етеді.

Коммунистік партия пікірлес-коммунистердің жауынгерлік одағы ретінде, тығыз топтасқан, біртұтас ұйым болып табылады. Ол партия мүшелерінің қандай да болсын бір бөлегінің басқаша пі-

кірдегі тонқа оқшаулануына жол бере алмайды. И. В. Сталин былай деген болатын: партия бір еркі бар және өзінің жұмысында олардың барлық құбылыстарын практикалық қыймылдың бір тасқынына бірлестіруші, бір кесектен ойылып жасалған, болаттай берік ұйым дегеннен басқаша ой большевиктерге ешқашан да, бір минут та болып көрмеген емес.

Коммунистік партия — өз ішінде фракциялар мен жіктелушіліктердің өмір сүруімен сыйыспайтын ерік бірлігі.

Оппортунистердің барлық түр-түрлеріне, халық жауларына қарсы күресте, социалистік құрылыстың қыйыншылықтарын жеңу жолындағы күресте, Ұлы Отан соғысының қатал сынының от жалынында шынығып, партия бұрынғыдан да нығайып, топтаса түсті. СОКП XIX съезі партияның қуатының өскендігін аса зор күшпен көрсетті. Партияның XIX съезінен кейінгі кезең партияның онан әрі нығайған кезеңі, партия қатарының бірлігі мен топтасқандығының кезеңі болды.

Ленинизм жауларына қарсы кескілескен күресте жеңіп алынған біздің партияның бірлігі оның ішкі жағдайының, оның тұрмысының өзіне тән ерекшелік сипаты болып табылады.

Біздің міндетіміз — партия бірлігін көздің қарашығындай сақтау, коммунистерді партияның саясаты мен қарарларына іс жүзіне асыру жолындағы белсенді саяси жауынгер етіп тәрбиелеу, партияның барлық еңбекшілер бұқарасымен, жұмысшылармен, колхозшылармен, интеллигенциямен байланысын бұрынғыдан да нығайту.

Коммунистік партия — бұқараның творчестволық күшіне сенетін және онымен өзінің байланысын нығайта беретін шын мәніндегі халықтық партия. Біздің партияның күштілігі мен жеңілмейтіндігі — халықпен тығыз байланысында.

КОММУНИСТ — ПАРТИЯНЫҢ БЕЛСЕНДІ САЯСИ ЖАУЫНГЕРІ

Партияның Уставында партияның мүшелігіне зор көңіл бөлінген. Партияның жауынгерлік қабілеті едәуір жағдайда оның құрамының саналылығына байланысты. Осыдан барып партия өзінің мүшелеріне қоятын жоғары талаптар туады.

Партияға кім мүше бола алады деген

лениндік тұжырым барлық сығана төтеп берді, партияның бүкіл тарихында тексерілді. Партияға жеке-жеке қабылдау жөніндегі лениндік принципті дәйекті түрде орындау — біздің партиямыздың болаттай берік жауынгерлік ұйым, жұмысшы табы мен барлық еңбекшілерге басшы және бағыт беруші күші болып өсуіне көмектесті.

Устав бойынша Коммунистік партияға партия программасы мен Уставын мойындаушы, оларды жүзеге асыруға белсене көмектесуші, партия ұйымдарының бірінде істеуші және партияның барлық қарарларын орындаушы әрбір еңбекші, Совет Одағының кісі еңбегін қанамайтын азаматы мүше бола алады.

Партияға мүше болу жөніндегі бұл тұжырым лениндік анықтаманың онан әрі дамытылуы болып табылады; мұның өзі еліміздің тарихи даму кезеңін бейнелейді. Партияға әрбір еңбекші, Совет Одағының кісі еңбегін қанамайтын азаматы мүше бола алады деп көрсетілуі социалистік құрылыс салаларындағы қолжеткен жеңістерді баянды етеді. Мұның өзі біздің елде социализмнің жеңуі нәтижесінде қанаушы тыңтардың жойылғандығын және адамды адамның қанаушылығының енді жоқ екендігін, социалистік қоғам дос екі таптан құрылғандығын, ал совет халқының моральдық-саяси бірлігінің бұрынғыдан да нығай түскендігін бейнелейді.

Партия мүшесінің атағын және маңызын арттыра түсуге партия үнемі қамқорлық жасап келді және жасауда. Партия ұйымдары Уставтың талаптарын негізге ала отырып, партияға адамды жеке-жеке алу жөніндегі принципті қатаң орындауға, партияға кездейсоқ немесе дұшпан адам өтіп кетпеу үшін партияға мүшелер алуға қырағылық көрсетуге міндетті. Жаулардың коммунист деген бетпердемен шебер бүркемеленіп, өздерінің дұшпандық мақсатын көздеп, мансапқа ие болу үшін, және империалистік державалар мен олардың разведкасының агенттері ретінде бұлдіру әрекеттерін жүргізу үшін біздің партияның қатарына өтуге әрекеттеніп келгендіктерін және әлі де әрекеттенетіндігін ұмытуға болмайды.

XIX съезд алға қойған коммунистік құрылыстың міндеттері партияға өзінің қатарын онан әрі нығайта беруді, партия-


ның ісі үшін әрбір коммунистің жауапкершілігін арттыра түсуді міндеттейді. Коммунистен ең алдымен партия қарарларына селкес, формальды түрде қарап, оның қарарларына қосылып қана қоймай, оларды орындау үшін белсене күресу талап етіледі. Кейбір коммунистердің партияның қарарларын орындауға селкес, формальды түрде қарауы партияның жауынгерлік қабілетін әлсіретеді. Коммунист партияның саясаты мен оның қарарларын жүзеге асыру үшін белсене күресуге міндетті. Партия қарарларын, партия мен үкмет жасап берген саясатты жүзеге асыру үшін күресу — партияның әрбір мүшесінің ең жоғары партиялық борышы. Партияның қарарларына селкес және формальды түрде қарау партияның қатарында болумен сыйыспайды.

Партияның Уставы әрбір коммунистке партияның бірлігін барынша қорғап отыруды, еңбекте өнеге көрсетуді, бұқараны байланысын нығайтып отыруды, өзінің саналылығын арттыру жолында жұмыс істеуді, сын мен өзара сынды өрістетіп отыруды, кемшіліктерге төзігісіз болуды, шыншыл және адал болуды, кадрларды дұрыс іріктен алу туралы партияның нұсқауларын бұлжытпай жүзеге асырып отыруды міндеттейді.

Коммунист әрдайым және барлық істе өнеге көрсетуге міндетті. Шаруашылық және мәдени құрылыстағы міндеттерді ойдағыдай орындау жолындағы күресте коммунистің үздік, бастауыш ролі оның белсенділігінің ең басты көрсеткіштері болып табылады. Кәсіпорнында, колхозда, мекемеде өз басының үлгісімен еңбек өнегесін көрсету, партияның қарарларын және мемлекеттік тапсырмаларды жүзеге асыруға бұқараны жұмылдыру, қыйыншылықтарды жеңуге әзір болу және онға жеңе білу, үсті-үстіне жаңа табыстарға жете беру — міне ең алдымен коммунистің авангардтық ролін сипаттайтын осылар.

Партия әрбір коммунистен мемлекеттің мүддесін бәрінен де жоғары қояды, партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауды талап етеді. Партия мүшелерінің кейбір бөлегінің арасында заң олар үшін жазылмаған-мыс деген теріс және зиянды пікір орын теуіп келеді. Олар партияда екі тәртіп — басшыларға арналған бір тәртіп, қатардағы коммунистерге арналған екінші тәртіп болуы мүмкін

Жылжымалы кухня



Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстарының қарқыны барған сайын өрістей түсуде. Бірқатар колхоздар мен трактор бригадалары, жекелеген МТС-тер мен совхоздар көзінді өзінде тың жер көтерудің жоспарын орындады. Мұның өзі ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің еңбектегі қажырлылығын, отандық озат техника қуатының мейлінше тиімді пайдаланылуын айқын сыйпаттайды.

Тың жерді игеруге иелген патриоттарды мәдени-тұрмыстық жағынан қамту ісі де — бүгін таңдағы аса маңызды мәселелердің бірі. Бұл міндетті жете түсінген Петропавлдың шойын құю-таразы зауытының коллективі тың жер көтеруге арнап тағам тасыйтын және дайындайтын бірнеше түрлі жабдықтар шығара бастады. Соңғы кезде аталған завод екі доңғалақты арбаға орнатылатын арнаулы жылжымалы кухня шығаруды меңгерді. Бұл кухняны егіс және трактор бригадаларында ауа райының қандай жағдайында болса да пайдалануға болады.

Ыстық ас дайындау үшін жылжымалы кухняның әрқайсысына 57 литрден су сыятын 3 қазан және 23 литрден су сыятын 2 бочка орнатылған. Жылжымалы кухняның бір рет дайындаған тағамы 100-ден аса адамды қамтуға еркін жетеді. Мұның өзі, әсіресе, көзінді жағдайда, жаңа совхоздар ұйымдастырылып жатқан жерлерде, егіншілерді, мал өсірушілерді ыстық аспен қамтамасыз етуге толық мүмкіншілік береді.

Завод коллективі үстіміздегі жылдың сентябріне дейін облысымыздың тың және тыңайған жерлерін игеруші механизаторлар мен колхозшыларды ыстық аспен толық қамтамасыз етуге жететіндей мөлшерде кемінде 506 жылжымалы кухня жасап шығарады.

СУРЕТТЕ: Петропавлдың шойын құю-таразы зауыды жасап шығарған алғашқы жылжымалы кухня.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жаңа совхоздарға арналған кітапханалар

КБОО секретариатының қаулысына сәйкес тың және тыңайған жерлерді игеретін МТС-тер мен совхоздардың трактор бригадаларын кітаппен қамту мақсатында МТС-тер мен совхоздарда тұрақты кітапханалар ұйымдастырылуда.

Кәсіпшілер одағының Бүкілодақтық Орталық Советі біздің облысымыздағы барлық МТС-тер мен совхоздарға кітапханалар жіберді. Бұл кітапханалардың әрқайсысында марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары, саяси және ғылыми

КБОО ауыл шаруашылығы және дайындау қызметшілері мен жұмысшылары кәсіподағының Орталық Комитетіне МТС-тер мен совхоздардың жұмысшы комитеттерінде кітапхана қызметкерлерін ұстау үшін қаржы босатты.

Кітапхана қызметкерлері етіп тәжірибелі және сауатты адамдар іріктен алынып, олар кәсіподақтары облыстық комитеті жанынан ұйымдастырылған бескүндік семинардан өтті.

Жаңа ұйымдастырылған Украина және

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне үлгілі әзірленейік

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі социалистік ауыл шаруашылығының табыстарын кеңінен насихаттайтын болады, еліміздің ең жақсы шаруашылықтары мен озаттарының үздік тәжірибесін, сол сыяқты ғылыми зерттеу және тәжірибе мекемелерінің табыстарын колхоз және совхоз өндірісіне енгізу үшін күресетін болады. Көрме колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың, село еңбекшілерінің ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі үздіксіз өркендете беру үшін, бүкілодақтық байқауға қатысуға лайықты право алу үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетеді.

Республикамыздың көптеген колхоздары, МТС-тері, совхоздары және ауыл шаруашылығының озаттары дәнді, техникалық, ояу және жемшөптік дақылдардан мол өнім өсірді, мал шаруашылығын, шаруашылықтың тағы басқа салаларын өркендетуде едәуір табыстарға жетті. Мұның өзі олардың 1954 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуына право береді.

Біздің республикамызда 1954 жылы және 1955 жылы 6 миллион гектардан аса тың және тыңайған жерлерді игеруге, сөйтіп астық өндірісін едәуір арттыруға тура келеді.

Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының МТС-тері мен колхоздарының жаңадан игерілген тың және тыңайған жерлерде мол өнім алуларының алғашқы тәжірибелері Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің қазақ павильонында көрсетілетін болады.

Жаңа көрменің территориясы 1939 — 1941 жылдардағы көрмеден бір жарым есе артық, ол 211 гектар жерді алады. Осы территорияда 300-ден аса сәулетті және архитектуралық шебер безендірілген павильондар, тағы басқа құрылыстар, соның ішінде ұлттық стиль бойынша жеркөмделген 16 одақтас республикалардың павильоны орналасады.

Қазақ ССР үшін арнаулы павильон белінген. Бұл архитектуралық жағынан ұлттық ерекшелікпен шебер нақышталған аса зор әрі тамаша үй. Колхоз Алаңы архитектурасының негізгі ансамблінде іргелі орын алады. Павильонның екі жақ фасадында барельефтер орнатылған, оның мазмұны республиканың қуатты ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын бейнелейді. Қазақ халқының өрнектері мен нақышталып, әртүсті майоликамен қапталған негізгі фасадтың порталы тағы да екі скульптурамен толықтырылған: павильонның кіре берісінде халық ақыны Жамбыл Жабаев пен ақ тарының атасы Шығанақ Берсиевтің скульптуралары орнатылған.

Павильонның экспозициялық алаңының көлемі 1939—1941 жылдардағы көрме павильонының алаңынан екі есе артық, ол 4.000 шаршы метрге тең.

Павильонның кең сегіз салы бар, оның ортасында шаршы сарай сыяқты орталық

рін, қазақ халқының мақтанышы мен қуанышына аса көркем бейнелейді. Павильонның кең төрт залында республиканың мал шаруашылығы саласындағы табыстары көрсетіледі, ал бұдан басқа тағы үш залдың стендаларында өсімдік шаруашылығының жемістіктері қойылады.

Еңбекшілер депутаттарының бірнеше облыстық Совет атқару комитеттері ең жақсы шаруашылықтарды және ауыл шаруашылығының озаттарын көрменің Бас Комитетінің бекітуіне көзінді өзінде-ақ табыс етті, бұлар өздерінің табыстарын көрмеде бейнелеуге лайықты ең жақсы өндірістік жерсеткіштерге ие болғандар.

Ақмола облысы, Есіл ауданы, Красивенек МТС-і көрмеге кандидат болып ұсынылды, бұл МТС 1953 жылы өзінің қамтуындағы колхоздардағы 1477 гектар тың жерге егілген жаздық бидайдың әр гектарынан орта есеппен 18,3 центнерден өнім алды. Осы МТС-тегі трактор бригадаларының бригадирлері Николай Ковалев, Иван Пичура өздеріне бекітіліп берілген барлық жерде жаздық бидайдың әр гектарынан 23 центнерден өнім алды.

Алматы облысы, Мичурин атындағы колхоз көрмеде өзінің көп салалы шаруашылығын жан-жақты көрсететін болады. Артельдің егіншілері өткен жылы күздік бидайдың әр гектарынан 20 центнерден, картоптың әр гектарынан 168 центнерден, томаттың гектарынан 283 центнерден өнім алды. Мұнда әрбір сауын сыйырдан 2615 килограмм сүт сауылды, әрбір мегежіннен орта есеппен 18,8 торай алынды.

Қазақ республикасы көрмеде мақта өндірісі жөніндегі өзінің табыстарын да көрсетеді. Жылы сайын жүз мыңдаған центнер жоғары сапалы мақта беретін «Мақтарал» совхозы дүние жүзіндегі ең ірі мақта шаруашылығы болып табылады, бұл совхоз 1952 және 1953 жылдарда 5429 гектар жерге егілген мақтаның 108-ф сорттының әр гектарынан 27,2 центнерден шитті мақта жыйнады. Совхоздың бригадирі Алайдар Қадырқұлов мұнан да зор көрсеткіштерге жетті, ол әр гектардан 41,8 центнерден шитті мақта алды. Еңбекшілер депутаттары Оңтүстік Қазақстан Совет атқару комитеті Ильичев ауданын көрмеде табыстарын көрсетуге бекітуге ұсынды, бұл ауданда 1953 жылы 15 мың гектар мақтаның әр гектарынан 21,6 центнерден мақта алынды.

Көрменің стендалары мен павильондарында республикамыздың қызылша өсіруші шаруашылықтарына көрнекті орын беріледі. Талдықорған облысының Талдықорған ауданы Сталин атындағы колхозы, Жамбыл облысы Жамбыл ауданының «Октябрь» ауылшаруашылық артели өздерінің табыстарын кеңінен көрсететін болады. Бұл колхоздар соңғы екі жылда барлық егіс көлемінің әр гектарынан орта есеппен 432 центнерден 494,5 центнерге дейін қызылша жыйнады.

Іін сүт беретін әулвееата сыйыр тұқымын апарды.

Көрмеге жөнелту үшін қой, жылқы, малдың басқа түліктері де іріктелініп алынууда. Республиканың ауыл шаруашылығының табыстарын жан-жақты — толық көрсету үшін заттай экспонаттардың ең жақсы үлгілерін мүмкіндігінше тезірек іріктеп алып, оларды Москваға аман жеткізу керек.

1953 жылғы өнімнен Қазақстанда өсірілетін бидайдың барлық сорттарының 250 бауы, күріш пен тарының 120-ға жуық бауы, шөптердің 100 бауы, мақтаның 400 түбі, ет, жеміс, консерві, шарап және темекі өнеркәсібі өнімдерінің түрлері, биязы, салалы жүндердің түрлері, қарақөл елтірілері, ангор ешкісінің түбіті көзінді өзінде-ақ келіберілді. Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігі және кәсіпшілік кооперациясы Қазақ ССР-інің павильондарына өздері жасап шығарған жүн маталарының, былғары бұйымдардың, кілемдердің және трикотаж бұйымдарының ең жақсы түрлерін және басқа көптеген экспонаттар жөнелтті.

Кейбір облыстар көрмеге заттай экспонаттарды іріктеп алу және жөнелту жұмыстарын ұзаққа созып отыр. Бірқатар жерлерде дұрыс сақтай білмеудің салдарынан көрмеге іріктеп алынған заттар бұзылып кеткен. Таяудағы күндерде өсімдік шаруашылығының заттай экспонаттарын жөнелтуді, сол сыяқты республика Министрлер Советі белгілеген ассортименттер бойынша өнеркәсіп орындарының экспонаттарын жөнелтуді аяқтау керек, мұнымен қатар жөнелтілетін экспонаттардың сапасына ерекше назар аудару қажет.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің ашылуына дейін аз ғана уақыт қалды. Көрмеге қатысушыларды іріктеп алу және олардың түрлі документтерін әзірлеу 1954 жылғы 15 майға дейін аяқталуға тиіс. Осы мезгілдің ішінде кандидаттардың барлық документтері көрменің Бас комитетіне табыс етілуі керек. Алда әлі де зор жұмыс тұр. Ауылшаруашылық органдарының, ауыл шаруашылығы мамандарының және ғылыми қызметкерлердің міндеттері Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға право беретін жерсеткіштерді барлық еңбекшілерге кеңінен түсіндіру, осы құрметті праогоа лайықты болған шаруашылықтар мен озаттардың барлық документтерін қысқа мерзімде әзірлеуге көмектесу болып табылады.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы кандидаттарға белгілі документтер әзірленуі тиіс, олар: шаруашылыққа, ұйымдарға және озаттарға сыйпаттама, мол өнім алынған уақыткерге агропаспорттар. Документтерді толтыру жөніндегі нұсқаулар ескерілдікті жерлерге жіберілді. Документтерді әзірлеу сапасына ерекше көңіл бөлу керек, өйткені дұрыс толықтырылмаған документтер қарамайды. Республиканың кейбір жерлерде оған садақ қараушылық, қате жіберушілік кездесіп жүр.

Пленум қаулыларын насихаттауға белсене қатысуда

Мамлют ауданындағы Калугин селолық Советінің кітапханасында СОМ Орталық Комитеті Пленумдарының қаулыларын насихаттау жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Мұнда түрлі тақырыптарда жиі-жиі лекциялар оқылып тұрады. Жуырда мұнда «Елімізде мал шаруашылығын өркендетудің озат тәжірибесі және сентябрь Пленумы алға қойған міндеттер» деген тақырыпта лекция оқылды. Кітапхана мен клуб үйі ұрандармен және сентябрь Пленумының қаулысынан алынған цитаталармен безендірілген.

Кітапханада егін және мал шаруашылығындағы озат тәжірибелерді насихаттау жұмыстары кеңінен жүргізіліп отырылады. Совхоз директоры Дворецкий жолдас «Совхоздың алдыңғы қатарлыларының кеңесі туралы» лекция оқыды.

Мұнда сұрақ және жауап кештері өткізіліп тұрады. «Мамлют асыл тұқымды мал совхозы сауыншыларының жұмыс тәжірибесі» деген тақырыпта плакат, совхоз бойынша негізгі дәнді дақылдардың шығымдылығы туралы диаграмма, ауыл шаруашылығы туралы әдебиет кітаптарының бұрышы ұйымдастырылған.

Интернационал МТС-нің клубы да МТС жұмысшылары арасында Пленум қаулыларын кеңінен насихаттауда. Мұнда механизаторлар үшін сентябрь Пленумы жөнінде сұрақ және жауап кештері өткізілген. «Механизацияның ауыл шаруашылығындағы ролі», «ССРО-да жіелдер тең праволы азаматтар» деген тақырыптарға, фото-монтаж ұйымдастырылған. Алдыңғы қатарлы механизаторлармен кездесу кештері өткізілді.

Бұл шараларды жүргізуге МТС агрономы Агалава, комсомол ұйымының секретары Савченко, оқытушы Брыгина және МТС партия бюросының секретары Приходько жолдасар белсене қатысып отырады.

М. ДӘУЛЕТОВА.

Мектеп тәжірибе участогінде

Совет ауданындағы Аралаған жеті-жылдық мектебі жанындағы тәжірибе участогінде көктемгі егіс жұмыстары қызу жүргізілуде. Биология пәнінің оқытушысы В. Исмағұлов жолдастың басқаруымен мектептің жас натуралистері қысқы күндері бұл участоққа қар тоқтатып, тыңайтқыштар дайындаған болатын. Көктемде егістік жерге тыңайтқыштар себіліп, артынан сапалы жыртылды.

Тәжірибе участогіне егу үшін 12 түрлі дәнді дақылдардың тұқымы, 11 түрлі оғорд егістерінің тұқымы мен гүлдердің 27 түрінің тұқымы, 3 түрлі ағаш рассадалары дайындалып алынды.

Көзір жас натуралистер звеноларға бөлініп, тәжірибе участогінде шірінді күміраларда қапұстанып, қарбыздың, қыярдның рассадаларын өсіруде. Жер қыртысы жылынысымен-ақ бұл рассадалар тыңайтылып, сапалы өңделген тәжірибе участогіне отырғызылатын болады.

совхоздардың және трактор бригадаларының озат тәжірибелері туралы, ауыл шаруашылығын механикаландыру, тракторларды және басқа да ауылшаруашылық машиналарын баптап күту жұмыстары туралы барлығы 1000 кітап бар.

Үлгілі хат тасушы

Приешім ауданындағы Киров атындағы колхоздың мүшесі А. Нагель жолдас 3 жылдан бері колхозда хат тасушы болып істейді. Осы мерзім ішінде ол колхозшылардың хат-хабарлары мен газет, журналдарын үнемі қолма-қол және уақытында тапсырып келді. Хат тасушы Нагель жолдастың өзіне сеніп тапсырылған

әскер қой совхозы, Налобин, Соколов, Полудень, Интернационал, Вильямс атындағы және басқа да МТС-тер кітапханалар алды.

А. РАМАЗАНОВ.

жұмысты атқаруға зор жауапкершілікпен қарауы нәтижесінде колхозда хат-хабар тасу ісі ойдағыдай жолға қойылды.

Өзі жұмыс істей бастағаннан бергі 3 жыл ішінде Нагель жолдас колхоз басқармасынан сөгіс, колхозшылар тарапынан шағым естіп көрген емес.

Қ. ҚОЖАНОВ

зай болады, онда әрасторан бағалар орнатылған, бұлар түсті күнбез ажураларымен қапталып қойылады.

Орталық залдың ішкі көрінісі Қазақстанның өнеркәсібінің, ғылымының, мәдениетінің және іскерлігінің, социалистік ауыл шаруашылығының өркендеуін көрсетуге арналған. Ажура күмбездері арқылы түскен күн сәулесі мраморлы ақ бағаналарды жарқыратып, қазақтың аса шебер кілем тоқушылары жасаған өте нәзік көрікті оюларға, Алматының керамикалық станциясының шеберлері әзірлеген керамикалық үлкен вазаға нұр сәулесін төгіп тұрады.

Орталық залдың күллі экспозициясы, ондағы әсем бейнеленген халықтардың бәрі де социалистік құрылыстың жеңісте-

мен қатар тікелей міндеті. Барлық ұйымдарға партияның басшылық етуі олардың ойдағыдай жұмыс істеуінің басты шарты болып табылады. Алайда партия органдары совет және шаруашылық органдарының орнына қызмет атқара алмайды. Партия органдарының совет, шаруашылық органдарына ұсақ-түйек қамқорлық жасауға, партия органдары оларды бақылап, басшылық етудің орнына шаруашылық және совет мәселелерін өздері шешу сияқты теріс практикаға жол беру фактілері бізде әлі де көп.

Партияның Уставы партия органдарының міндеттері мен қызметтерін анықтаумен бірге, олардың міндеттері — совет және қоғамдық ұйымдардағы партия топтары арқылы сол ұйымдардың жұмысына бағыт беріп отыру екенін, партияның директивалары мен қарарларын бұл ұйымдардың бұлжытпай орындауларын қамтамасыз ету екендігін атап көрсетеді.

Партияның Уставында партия ұйымдарының міндеттері мен қызметтері толық бейнеленген. Бұдан біздің партияның негізі — бастауыш партия ұйымдарының өздерінің құлқыныштық, қоғамға қарсы мақсаттарға пайдаланбақ болған әрекеттеріне түзуге болмайды.

Партияның ішкі демократиясы туралы, сын мен өзара сынды өрістету туралы талаптар төменнен болатын бақылауды күшейтуге, коммунистердің белсенділігі мен талаптылығын арттыруға, сөйтіп партия мен мемлекеттік құрылыстың барлық буындарына басшылық дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді.

СОКП УСТАВЫ — ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАҚСARTU ҚҰРАЛЫ

Уставтағы партия органдары мен бастауыш партия ұйымдарының праволары және міндеттерін анықтай түсетін өзгерістер мен толықтырулардың аса зор маңызы бар. Уставта партия, шаруашылық және совет органдары арасындағы өзара қарым-қатынас принциптері атап көрсетіледі. Бұл принциптер партия ұйымдарының жұмыстарын онан әрі жақсартуға, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың жұмысына партиялық бақылауды күшейтуге бағытталған.

Партия органдары советтік және шаруашылық ұйымдарды біріктіріп, бағыт беріп және бақылап отыруға тиіс. Бұл олардың тек праволары ғана емес, соны-

мен қатар тікелей міндеті. Барлық ұйымдарға партияның басшылық етуі олардың ойдағыдай жұмыс істеуінің басты шарты болып табылады. Алайда партия органдары совет және шаруашылық органдарының орнына қызмет атқара алмайды. Партия органдарының совет, шаруашылық органдарына ұсақ-түйек қамқорлық жасауға, партия органдары оларды бақылап, басшылық етудің орнына шаруашылық және совет мәселелерін өздері шешу сияқты теріс практикаға жол беру фактілері бізде әлі де көп.

И. ЯКОВЕНКО,

Қазақ ССР Министрлер Советінің Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне әзірлену жөніндегі секторының бастығы.

Мектептің дружина вожатыйы.

Әдебиет үйірмесінің сабағы

Булаев ауданындағы Еңбекшіқазақ орта мектебінде бірнеше үйірме жұмыс істейді. Бұл үйірмелердің сабағы үнемі жоспарлы түрде өткізіліп тұрады.

Жуырда орыс тілі пәнінің оқытушысы А. Капелькина жолдастың басқаруымен әдебиет үйірмесінің сабағы өткізілді. Үйірме сабағында оқушылар орыс тілінде «Біздің жомесомол» деген тақырыпта баяндама тыңдады. Оқушылар баяндама бойынша баяндамашыға бірнеше сұрақтар қойып, тиісті жауаптар алды. Үйірме сабағы өте қызықты өтті.

емес екенін естен шығарып, партия тәртібіне төрешілікпен қарап келді. Устав партия тәртібіне мұндай төрешілік-немқұрайды қараушылыққа тыйым салады, партияның барлық мүшелері үшін, бұлардың сіңірген еңбегі мен қызмет орнына қарамастан, бір ғана тәртібі, бір ғана заң бар екенін атап көрсетеді. Партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзу партияға зиян келтіретін үлкен күнә болып табылады, сондықтан мұның өзі партияның қатарында болумен сыйыспайды.

Коммунист қырағылық қай участка және қандай жағдайда болса да керек екендігін есте ұстай отырып, партиялық және мемлекеттік құпияны қатаң сақтауға, жоғары саяси қырағылық көрсетіп отыруға міндетті. Капиталистік қоршау туралы есте сақтап, оны ешқашан да ұмытпау керек. Социалистік Отанымыздың күші мен қуатын бүлдіру үшін бізге шпиондар, кісі өлтірушілер және диверсанттар жіберуге әрекеттенетін жаулардың тімісқу әрекеттері туралы әрдайым есте сақтау қажет. Революциялық қырағылық — коммунистің міндетті қасиеті болып табылады.

Уставта келтірілген партия мүшесі міндеттерінің анықтамалары партия коммунистерді қандайлық жоғары сапада тәрбиелейтіндігін көрсетеді. Партия мүшелерін тәрбиелеу, саяси жағынан шыңдау жөніндегі сыяқты мол тәжірибесі бар біздің партиядан басқа партияны тарих білмейді. Устав жарты ғасырлық күрестің барысында партия жасап берген коммунистің жауынгерлік қасиеттерін баяндай етеді, оларды коммунистік құрылыстың міндеттерінен туатын нақтылы жаңа мазмұнымен байыта түседі.

ПАРТИЯНЫҢ ІШКІ ДЕМОКРАТИЯСЫ — ПАРТИЯ БҰҚАРАСЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ШАРТЫ

Партияның Уставы біздің партияның ұйымдық құрылысының негізгі принципі — демократиялық централизмді дамытады. Партияның басшылығы мен ұйымдық құрылымындағы централизм партияға аса зор артықшылықтар береді, оның топтасқан және икемді болуын қамтамасыз етеді, соның арқасында біздің партия елге басшылық ету міндеттерін ойдағыдай шешеді.

Біздің партиямыз жүзеге асырған цен-

трализм демократиялық централизм болып табылады. Мұндай ұйымның негізгі принципі партияның ішкі демократиясы болып табылады, мұнда партия бұқарасының белсенділігі мен талаптылығы бейнеленеді.

Ішкі демократияның мәні ең алдымен партияның басшы органдарының сайлан қойылатындығына және есеп беріп отыратындығына. Бұл қағыйда — сайлан қою принципінің қатаң сақтау, оның орнына толықтыруды қолданбау жөніндегі устав талаптарында бейнеленген.

Біздің партияның Орталық Комитеті сайлап қоюды бұзудың — толықтырудың фактілерін қатаң айыптайды. Сайлап қою орнына толықтыруды қолдану сайлап қоюды іс жүзінде жәй формальдылыққа айналдырады, кадрларды жоғарылатуға және тәрбиелеуге зиянды әсерін тигізеді, басшы қызметкерлердің партия бұқарасы алдында жауапкершілік сезімін жоғалта бастауға әкеліп соғады.

Партияның ішкі демократиясының онан әрі дамуы сонымен бірге актив жыйналыстарын тек қалалардың партия ұйымдарында ғана емес, аудан орталықтарында да шақырып тұру жөніндегі партия Уставының талабында партия комитеттерінің пленумдарын шақырудың мейлінше қысқа мерзімін белгілеуде, біздің партия органдарының жұмыстарындағы коллективтілік ұлғайтуда бейнеленген.

Коллективтік — біздің партиямыздағы басшылық етудің жоғарғы принципі. Осы жоғарғы принципті қатаң сақтау елге дұрыс басшылық етудің кепілі, біздің бұдан былай да ойдағыдай алға басуымыздың аса маңызды шарты болып табылады. Орталық Комитеттің коллективтік саяси тәжірибесі ғана маркстік-лениндік теорияның қуатты негізіне сүйенген коллективтік даналығы ғана партия мен елге дұрыс басшылық етуді, партия қатарының мызғымас бірлігі мен топтасқандығын, біздің елімізде коммунизмді ойдағыдай орнатуды қамтамасыз етеді. Партия ұйымдарының борышы — барлық партия органдарында коллективтік басшылық принциптерін қатаң сақтау.

Біздің партия кадрларды тәрбиелеудің әдісі ретінде, кемшіліктерге қарсы күрестің аса маңызды құралы ретінде сын мен өзара сынға әрдайым зор көңіл бөліп

лық, мемлекеттік мүдделерге қамқорлық рухында, біздің ісіміздің жеңетіндігіне сенімділік, қандайда болсын қыйыншылықтарды жеңуге әзір және жеңе білу рухында, біздің партияға және социалистік Отанға шексіз берілгендік рухында тәрбиелей отырып, партия коммунистердің маркстік-лениндік оқуын барған сайын кең өрістетуде, идеологиялық жұмыстардың дәрежесін арттыруда.

СОКП Уставы партияның ұйымдық қуатын бұрынғыдан да нығайтады, оның бұқарамен байланысын ұлғайтады, ұйымшылдығын арттырады, тәртіптің онан әрі нығаюына көмектеседі. Мұның мәні партия елімізде коммунистік қоғам орнату жөнінде оның алдында тұрған міндеттерді бұрынғыдағыдан да ойдағыдай шешеді деген сөз.

СОКП Уставында баян етілген ұлы ұйымдастырушылық тәжірибенің тек біздің партиямыз үшін ғана емес, сонымен бірге туысқан коммунистік және жұмысшы партиялар үшін де баға жетпес маңызы бар.

Біздің партия жыйнақтаған лениндік-сталиндік типтегі революционерлерді қалыптастырып шыңдаудың тарихи тәжірибелері, біздің еліміздің коммунистерінің қаһармандық істерінде, біздің партияның істері мен жеңістерінде бейнеленген тәжірибелері туысқан партиялардың өздерінің мүшелерін саяси жағынан тәрбиелеу ісіне көмектеседі.

Еліміздің халық шаруашылығын өркендету туралы өзінің XIX съезінің қарарларымен партия мен үкметтің мұнан кейінгі данышпандық қарарларымен қаруланған, Орталық Комитеттің төңірегіне берік топтасқан, өмірге бейімділік күшке және творчестволық қуатқа толы Коммунистік партия өзінің туын кең жайып алға басып келеді.

Партияның алдында тұрған міндеттер орасан зор. Коммунистік партия мүшелерінің жауапкершілігі де орасан зор. Бірақ коммунистер жауапкершіліктен қорықпайды. Олар коммунистік құрылыстың ұлы ісі жолындағы жауапкершілікті бар ынтасымен қабыл алады. Олар өздерінің жоғары атағын аброймен ақтайды, партия алдындағы, халық алдындағы борыштарын ақыр аяғына дейін орындайды.

Л. СЛЕПОВ,

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі

В. М. Молотовтың мәлімдемесі

«Біздің кеңесіміз, — деді Молотов, — Индо-Қытайдағы бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселені қарауға кірісе бастады.

Біздің кеңесіміздің Индо-Қытайдың барлық үш мемлекетінде — Вьетнамда, Кхмер де және Патет-Лаода бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе қарауға тиіс екендігі күн тәртібінің осы пунктінің тұжырымдамасының өзінен айқын көрініп отыр. Біздің кеңесіміздің ойдағыдай жұмыс істеуі үшін оған мүдделі жақтардың бәрінің қатысуы керек екендігі мүлде айқын. Вьетнам жөнінде осы кеңеске қатысушылар мұны кезіргі өзінде-ақ мойындады, соның нәтижесінде біздің арасында Вьетнам Демократиялық Республикасының өкілдері қатысып отыр.

Бірақ, ұлт-азаттық қозғалысының Вьетнамда ғана емес, сонымен бірге, Патет-Лао мен Кхмерде де жүргізіліп жатқаны жұртқа мәлім. Вьетнам халқы сияқты, бұл елдердің халықтары да өздерінің ұлттық тәуелсіздігі, ұлттық бірлігі мен бостандығы үшін күрес жүргізуде. Бұл күрестің барысында Кхмер мен Патет-Лаода демократиялық үкметтер құрылып, бұл үкметтер өз елдері халықтарының ұлт-азаттық күресін басқаруда. Патет-Лао мен Кхмерде едәуір территория кәзіргі уақытта осы демократиялық үкметтердің бақылауында отыр.

Кхмер мен Патет-Лаоның француз үкмет орындарымен ынтымақтасқан үкметтерінің өкілдері біздің кеңесімізге кәзірдің өзінде-ақ шақырылды. Міне, бұл жағдайда Патет-Лао мен Кхмер халықтарының ұлт-азаттық күресін басқарып отырған бұл елдердің үкметтері өкілдерінің біздің кеңесімізге қатысуынан бастартуға ешқандай негіз жоқ.

Патет-Лао мен Кхмерге қатысы бар мәселелерді бұл елдердің демократиялық үкметтері өкілдерінің қатысуынсыз қараудың біржақты сипаты болады, мұның өзі біздің кеңесіміздің жұмысына қолайсыз әсерін тигізбей қоймайды. Патет-Лао мен Кхмер демократиялық үкметтері өкілдерінің осы кеңестің жұмысына қатысуы бұл елдерде болып жатқан оқыйғаларды неғұрлым жақсы анықтауға мүмкіндік береді және Патет-Лао мен

Кхмерде бейбітшілікті қалпына келтіру жолдарын табуға көмектеседі.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, Совет делегациясы Патет-Лао мен Кхмердің демократиялық үкметтерінің өкілдерін біздің кеңесімізге қатысу үшін шақыру туралы Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының ұсынысын қолдайды.

Бұдан кейін В. М. Молотов мәжілісте сөйлеген сөздер жөнінде бірнеше ескертпелер жасады. Осы кеңеске жеке мемлекеттердің өкілдерінің қатысуы жөнінде өз пікірлерін айтқан АҚШ өкілінің сөзіне тоқтай келіп, Молотов өзінің Берлин кеңесіне қатысушылардың бірі ретінде, бұл жөнінде өз пікірін де айтқысы келетінін мәлімдеді. Ол Берлин кеңесі туралы мазмұндаманың Индо-Қытай жайындағы мәселеге қатысы бар жерінен цитата келтірді, онда былай деп көрсетілген: Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе кеңесте қаралады; бұл кеңеске ССРО-ның, АҚШ-тың, Францияның, Великобританияның, Қытай Халық Республикасының және басқа мүдделі мемлекеттердің өкілдері шақырылады.

Сонымен, деді Молотов, Берлин мазмұндамасында бес мемлекет — АҚШ, Великобритания, Франция, ССРО және Қытай Халық Республикасы туралы ашық айтылған және Берлин мазмұндамасында көрсетілген белгілі бір ел үшін ешқандай артықшылық, немесе жоғарыда көрсетілген бес мемлекеттің қайсы бірінің ерекше жағдайы көзделмеген. Мазмұндамада, осы бес мемлекеттен басқа, басқа мүдделі мемлекеттерді де шақыру ғана көзделген.

Әрине, деді Молотов бұдан кейін, біздің осы басқа мүдделі мемлекеттер деп дәл кімді санайтынымыз жөнінде келісуіміз керек еді. Совет делегациясы бұл жайында келісу міндеті ең алдымен, мазмұндамада көрсетілген бес мемлекетке жүктеліп отыр деп ойлайды. Дәл осыған байланысты бұл күндері Женевада осы мәселе талқыланып, Вьетнам Демократиялық Республикасы шақырылуға тиіс екендігі, үш батыс мемлекеттері — Франция, Великобритания және АҚШ арасында да, сондай-ақ, екінші жағынан — екі мемлекет — ССРО мен Қытай Халық Рес-

* * *

публикасы арасында да өзара келісімді. Міне, Вьетнам Демократиялық Республикасы шақырылғандардың арасында, біздің арасымызда қатысып отыр.

Вьетнам Демократиялық Республикасына жолданған шақыруды Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының бірлесіп жібергенін В. М. Молотов атап көрсетті. Бұл мемлекеттердің делегациялары Индо-Қытайдың үш мемлекетін шақыруға да келісіп, бұлар да мәжіліске қатысып отыр. Бұған Берлин мазмұндамасында көрсетілген мемлекеттердің бірде-бір тарапынан қарсылық болған жоқ.

Молотов бұдан кейін былай деп көрсетті: мәжіліске қатысып отырған делегаттардың әрқайсысы, егер бұған оның дәлелдері болған күнде, осында қатыспай отырған басқа мемлекеттерді шақыруға ұсыныс жасауға праволы. Сондықтан Совет делегациясы Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының ұсынысын мейлінше заңды деп санайды, бұл ұсынысқа дұрыс қарауға болады және дұрыс қарау керек деп ойлайды.

Вьетнамның Демократиялық Республикасының делегациясының ұсынысын осы мәжілістен тыс талқылаған дұрыс болар еді деген АҚШ өкілінің ескертпесіне тоқтай келіп, В. М. Молотов Совет делегациясы бұл ескертпеге мейлінше көңіл бөліп қарайды деді. Совет делегациясы, деп мәлімдеді Молотов, АҚШ делегациясының ұсынысына қарсы болмайды, өйткені, ол Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының ұсынысын талқылауға төрт мемлекет қана емес, қайта Берлин мазмұндамасында көрсетілген мемлекеттердің бәрі, яғни АҚШ, Великобритания, Франция, Совет Одағы және Қытай Халық Республикасы қатысады деп ойлайды. Молотов Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының ұсынысын талқылауға формасын кімге болса да нұқсан келтірмей табуға болады деп мәлімдеді және Совет делегациясының ұсынысына Вьетнам Демократиялық Республикасының өкілі мен оны қолдаған Қытай Халық Республикасының өкілі келіседі деген үміт білдірді.

Вьетнам Демократиялық Республикасының делегациясының ұсынысына Вьетнам Демократиялық Республикасының өкілі мен оны қолдаған Қытай Халық Республикасының өкілі келіседі деген үміт білдірді.

Вьетнам Демократиялық Республикасы «елесті белгі» ғана болып табылатын болса, онда Франция өз әскерлерін Вьетнамға нәліктен жіберіп отыр. Бұл әскерлер Вьетнамда «елесті белгілерге» қарсы соғысып отыр ма екен? Бұл «елесті белгілер», деді Фам Ван Донг, көп жылдардан бері күрес жүргізіп, Вьетнамға жіберілген француз қарулы күштерінің көп бөлігін кәзірдің өзінде-ақ құртты. Мен, деп мәлімдеді Фам Ван Донг, өзін енгізген ұсынысты, Совет Одағы делегациясының ұсынғанындай, бес мемлекет өкілдерінің қарауын талап ете-

мін.

Хо Ши Миннің Индонезияның Антара агенттігіне берген жауабы

ПАРИЖ, 10 май. (СОТА). Франс Пресс агенттігі Гаагадан мынаны хабарлады:

Индонезияның информациялық Антара агенттігі Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Минге бірнеше сұрақтар жіберген, оларға Хо Ши Мин жауап берген.

Хо Ши Мин Женева кеңесі Индо-Қытай және Корей мәселелерін бейбітшілік жолмен реттеуге жеткізе алады деп өзінің шын жүректен үміттенетінін мәлімдеді.

Антара агенттігінің хабарына қарағанда, ол Вьетнам Демократиялық Республикасы Франциямен соғысты тоқтату туралы әеліссөздер жүргізуге, уақытша келісім жасасуға және тәуелсіздік, одақ, демократияшыл бостандық негізінде Индо-Қытайда бейбітшілік орнатуға әрқашан дайын, де-

ді. Хо Ши Мин Индия, Индонезия және Бирма жүргізіп отырған саясат Азияда бейбітшілік орнатуға көмектесуге тиіс деп есептейді.

Хо Ши Мин өзінің жауаптарында, Құрама Штаттардың билеуші топтары Индо-Қытай мәселесін бейбітшілік жолмен реттеуге бөгет жасауға тырысып отырғандығын және Индо-Қытайдағы соғысқа белсене қатысуға тырысып, Қызыр Шығыста және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті болдыртпай тастау ниетімен осы соғысты ұлғайтуға жаңталасып отырғандығын басқа көрсетті.

Қорытындысында Хо Ши Мин шетел езушілігінде отырған Азияның барлық халықтарын отарлаушылыққа және агрессияға қарсы күреске бірігуге шақырады.

Вьетнам халқы Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының позициясын қолдайды

ШАНХАЙ, 10 май. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігі мынаны хабарлады:

Вьетнам халқының қоғам қайраткерлері және барлық топтарының өкілдері Женева кеңесін құттықтап, Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының позициясын қуаттайды.

Вьетнамның Ұлттық бірігу майданының Ұлттық комитетінің мүшесі Ти Сон мынаны мәлімдеді: біз сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесін құттықтаймыз. Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметінің делегациясының осы кеңеске қатысуы бізді жігерлендіреді. Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі

делегациясының жауабы — бұл бүкіл вьетнам халқының дауысы. Біз өзіміздің делегациямызды қызу қуаттап, оған толық сенім білдіреміз.

Вьетнам шаруалары ұйымының Ұлттық комитетінің бас секретары Тран Дук Тхин мынаны мәлімдеді: вьетнам шаруалары Женева кеңесін құттықтап, Вьетнам, Кхмер, Патет-Лао халықтарының паны мағнасындағы бостандығы мен тәуелсіздігін тану негізінде Индо-Қытай мәселесін бейбітшілік жолмен шешуге ол көмектесетін болады деп үміттенеді. Вьетнам шаруалары Женева кеңесіндегі Вьетнам Демократиялық Республикасының үкмет делегациясын қызу қуаттайды.

Француз халқы Индо-Қытайдағы соғыстың тоқтатылуын талап етеді

ПАРИЖ, 10 май. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, Индо-Қытайдағы соғысты тоқтату жөніндегі француз халқының мойымас еркін Жорж Бидоға мәлімдеу үшін көптеген демократияшы ұйымдардың және бірнеше кәсіпорындарының делегациялары Женеваға жүрмекші.

8 майда Женевада француз өкілдері «барлық өкілдерді қабылдау мүмкін емес, олар тым көп» деп мәлімдеп, Марсельдің докерлері мен теңізшілерінің делегациясын қабылдаудан бастартқан.

Француз сыртқы істер министрлігінің адресіне де көптеген хаттар мен телеграм-

малар келіп түсуде. Мәселен, Женевилье қаласының (Сена департаменті) құрамында коммунистер, социалистер, «тәуелсіздер» және дегольшилер бар, муниципальдық советінің телеграммасында осы қаланың халқы Индо-Қытайдағы соғысты тоқтату туралы келісім жасау мақсатымен келіссөздерді жүргізуді талап етеді, делінген.

Сенадағы (Сена департаменті) Витри қаласының бұрынғы соғыс тұтқындары да Женевадағы француз делегациясынан «Индо-Қытай соғысын дереу тоқтату және атом қаруына тыйым салу» мақсатымен келіссөздер жүргізуді талап еткен.

Дьен-Бьен-Фудың құлауы және Франциядағы саяси жағдай

ПАРИЖ, 10 май. (СОТА). Әртүрлі газет әртүрлі бағытта Дьен-Бьен-Фу қаласының құлауы Лангьель үкметінің позициясын елеулі түрде әлсіреткенін атап көрсетеді. Ұлттық жыйынды бюросына депутаттардан түсіп жатқан сұрақтарға байланысты, соның ішінде «әлеуметтік қыймылдың республикашыл одағы» (ЮРАС) тобының өкілі Дронның сұрағына

жүнде екі шешім болуы мүмкін: «Индо-Қытайдағы соғысты жаппай соғысқа айналдыруды ұйғарған үкмет көпшілігі, немесе бейбітшілікті қолдаушы көпшілік болады».

Францияның кейбір билеуші топтарының қыйғылына мінзедме беру үшін Индо-Қытайдағы француз қарулы күштерінің бас қабасының төңірегінде Париздегі

Чехословакияның азат етілуінің тоғыз жылдығы

ПРАГА, 10 май. (СОТА). Кеше барлық чехословак газеттері чехословак халқының ұлттық мерекесіне — Совет Армиясының республиканы Азат ету күніне арналды.

«Руде право» газеті бүкіл бірінші бетке «Біздің хауісіздігіміздің қайнар көзі мен көпшілігі — мызғымас чехословак-совет достығы жасасын!» деген ұран мен «Біздің Отанымыздың ең үлкен мерекесі» деген атпен басмақала жариялады.

9 майда, делінген мақалада, Генералиссимус Сталиннің тарихи бұйрығы бойынша совет әскерлерінің танк бөлімдері Крушина тауларын басып өтіп, шегінер алдында титлершілер жойып жіберуге ниеттенген Праганы еселенген соққымен азат етті. 9 майда біздер үшін өте ауыр жылдар болған қанды оккупация аяқталды. Совет жауынгерлерінің Прага көшелерінде бірінші рет көрінген кезін біз ешуақытта да ұмытпаймыз. Құшақ-құшақ гүлдермен прагалықтар уақытында келіп жеткен совет жауынгерлерін — азат етушілерімізді жылы шыраймен қарсы алған. Оларды біз ұлы совет халқының ұлдары деп танып, совет халқының үлгісі бойынша жаулармен күресуді үйрендік, жеңуді үйрендік және социализм орнатуды үйренудеміз.

Оңтүстік Кореядағы аштық пен қайыршылық

ПХЕНЬЯН, 10 май. (СОТА) Корей-Халық Демократиялық Республикасының баспасөзі Оңтүстік Кореядағы жаңтүршілерлік қайыршылық пен аштық туралы мақалалар жариялауда. «Нодон сымун» газетінің атап көрсеткеніндей, кәзіргі уақытта Оңтүстік Кореяда 2 миллионға жуық толық жұмыссыз және 10 миллион жартылай жұмыссыз адамдар бар. Жұмыс алуға қолы жеткендердің де тұрмысы аштық, өйткені, ең көп ақы төленетін жұмысшылардың жалақысы күн көріске де жетпейді. Сеул, Пусан және басқа Оңтүстік Корея қалаларының көшелерінде қайыр сұраған адамдар топ-тобымен жүреді. Осы жылдың март айында «Кукче сиббо» газеті Пусанның 600 мың тұрғын адамының 240 мың адамы «дереу көрсететін көзекке мұқтаж» деп жазды.

«Нодон сымун» Оңтүстік Корея халқының төрттен үші болып табылатын шаруалардың тұрмысы өте ауыр деп жазады. «Инчон ильбо» газеті Оңтүстік Кореядағы барлық шаруалар үйінің борышы осы жылдың көктемінде кәзір айналымда жүрген барлық қағаз ақшаның 78 процентіне тең келеді деп мойындауға мәжбүр болып отыр. 1954 жылдың март айында малсыз қалған шаруалардың саны 3 миллион 210 мыңға жеткен, яғни Оңтүстік Кореяның бүкіл село халқының 25 процентідей. Оңтүстік Кореяның барлық провинцияларында ондаған мың қайыршылыққа ұшыраған шаруалар жұмыс іздеп, қалаларға қарай басып, жұмыссыздар армиясының қатарын көбейтуде.

АҚШ-та КӨМІР ӨНДІРУДІҢ КЕМУІ

НЬЮ-ЙОРК, 10 май. (СОТА). «Нью-Йорк айбастық» тілшісі Ресейдің Пусан

...екендігі туралы келісу міндет бер-
лин кеңесінің мазмұндамасында аталған
бес мемлекетке, атап айтқанда: АҚШ-қа,
Англияға, Францияға, ССРО-ға және Қы-
тай Халық Республикасына жүктеліп
отыр.

Бұдан кейін келіп қосылған мемле-
кеттердің бірі— Камбоджаның өкілі сөз
алды. Оның бүкіл сөзі Кхмер халқының
ұлт-азаттық қозғалысы жөніндегі дағды-
лы жалақорлықты қайталаумен тынды,
ал, бұл жалақорлықтың отаршылар на-
сихатының қорынан алынғандығы ай-
қын. Камбоджаның өкілі Индо-Қытай мә-
селесі жөніндегі кеңеске қатысуға Кхмер
мен Патет-Лаонның өкілдерін шақыру ту-
ралы ұсыныстарды қабылдамай тастауды
жақтады. Егер бұл ұсыныс жете зертте-

өкілдері Вьетнам Демократиялық Респу-
бликасы делегациясының ұсынысын осы
мәжлістен тыс жерде қарасын деген Со-
вет делегациясының ұсынысын қолдай-
ды.

Чжоу-Энь-лайдан кейін сөз сөйлеген
Фам Ван Донг өз ұсынысын қорғап,
Кхмер мен Патет-Лао «елесті белгі» ға-
на болып табылады-мыс деген сылтау-
лардың қаншалықты қыйсынсыз және
дәлелсіз екендігін көрсетті.

Мен, деді Фам Ван Донг, БҰҰ-дағы
мәжлістердің бірінде Франция өкілінің
Вьетнам Демократиялық Республикасы да
«елесті белгі» болып табылды деген сыл-
тауын еске түсіремін. Бұған ССРО өкілі
былай деп жауап берген болатын: егер

Осыдан кейін председателдік етуін
Иден былай деп мәлімдеді: Вьетнам Де-
мократиялық Республикасы делегациясы-
ның ұсынысын кімнің талқылауы тиіс
екендігі: төрт держава өкілдерінің неме-
се бес держава өкілдерінің талқылауы
тиіс екендігі туралы мәселені бүгінгі
мәжлісте шешу қыйынға соғады. Иден
мәжлісті жабуды, содан кейін жарысөз-
ді онан әрі жүргізу үшін дүйсенбі күні
жыйналуды ұсынды.

Кеңеске қатысуы үшін Патет-Лаонның
делегаттарын шақыруға қарсы шыққан
Лаос өкілінің сөзінен кейін Иденнің
ұсынысы қабылданып, мәжліс жабылды.

Ийнша парламент айтыстарының сөзсіз
болатындығын жорамалдайды.

«Комба» газеті, «Дьен-Бьен-Фудын
құлауы онысыз да солқылдақ Ланьель үк-
метінің позициясын едәуір әлсіретті» жә-
не «жаңадан болатын жазбаша талаштар
ертең ұлғиық жыйналыста үкмет дағдары-
сының хаупін тудырады» деп жазады.

Газеттің пікірінше, соңғы күндерде
ЮРАС тобының және радикалдар парти-
ясының көптеген өкілдерінің үкметке деген
дұшпандық көзқарасы күшейе түскен.

Кәзір, газеттің пікірінше, Францияның
үкмет топтарының алдында екі жақты
ұсыныс түр: не өбден бишараланғанға дей-
ін соғысты жүргізе беру керек, не бітім
туралы келіссөздер жүргізу керек. Осымен
байланысты үкмет дағдарысы бола қалған

баспасөз конференциясында сөз сөйлеп,
Наварр оның атышулы «шабуыл жоспа-
рының» негізіне дұшпанның күшін то-
лық білмейтіндігі анықталғандығын мә-
йындаған. Ол, егер оған «Вьетнамның
ақиқат күштері» мәлім болғанда, ол
«Дьен-Бьен-Фуға бармаған да болар
едім» деп мәлімдеді.

Наварр кәзіргі уақытта Индо-Қытай
мәселесі «мүлде басқаша бағыт» алды
және Женева кеңесі сәтсіздікке ұшырай
қалғанда «бұл соғысты жаппай соғысқа
айналдыру қажет» деп атап көрсеткен.

Наваррдың осы мәлімдемесі жөнінде
«Комба» газеті: «Француз генералы Па-
рижде лепіріп айтып жүрген нәрсені
әлемге естіртпін айтты» деп жазады.

дарлағы дағдарыстан кейінгі мерзімде ең
төмен дәрежеге жетті деп хабарлайды.
«Ондаған шахталар жабылуда. — деп жа-
зады тілші, — және мыңдаған кешілер
жұмыстан айырылуда». Раскин көмір
шахталарының иелері бұл болған қыйын-
шылық жағдайға тынышсызданатыны
сөйдей, Чикагода 21 майда қажетті шара-
ларды қарау үшін төтенше кеңес өткізу
туралы қарар қабылданды деп хабарлай-
ды.

АҚШ-ТАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

НЬЮ-ЙОРК, 10 май. (СОТА). «Нью-
Йорк перальд трибюн» тілшісінің хаба-
рына қарағанда, Питтсбургте троллейбус-
тар мен автобустарды жүргізушілер ереуіл
жасаған. Ереуіл жасаушылар «Балақ» тиң
арттырылуын талап етуде. Ереуіл АҚШ-
тың 12 қаласында транспорт жүрісіп
тоқтатқан.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҮМІТ ЖОЛЫ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да бас-
талады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

ҚОЗЫ-КӨРПЕШ ЖӘНЕ БАЯН-СҮЛУ»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

Облыстық мәдениет басқарма-
сының киноландыру бөліміне таж-
рибелі киномеханигі КЕРЕК.
АДРЕС: Петропавл қаласы,
Красноармеец көшесі, 1-үй.

Петропавлдың шойын құю-та-
разы заводына түпкілікті жұмыс-
қа нормировщиктер, мастерлер,
электрмен мыс балқытушылар,
газбен мыс балқытушылар, темір
ұсталары, балғашылар, слесарь-
лар, аломеннен ыдыстар жасауға
үйренушілер, үлгі құюшылар құ-
рылыста жұмыс істеу үшін жұ-
мысшылар және жүк тиеушілер
КЕРЕК.

АДРЕС: Базарбаев көшесі, 8-
үй, кадр бөлімі.

1948 жылы туған бір қара ат,
1949 жылы туған бір торы ат,
1948 жылы туған бір көк бие,
1950 жылы туған бір қарақоқ бие
және 1953 жылы туған бір құлын
— барлығы бес ат жоғалды.
Көрген білгендер болса Солтүс-
тік Қазақстан облысы, Полудень
аудандық байланыс бөліміне ха-
барлауын сұраймыз.

Т. КӘКІМОВ.

Ж А С Т А Л А Н Т

1948 жыл. Июль айының ыстығымен
жерді антаған күндерінің бірі болатын.
Петропавл теміржол станциясында бүгін
де күндегідей қаптаған халық. Олардың
көпшілігі жол жүретін адамдардай сал-
тақ киініп, қолдарына чемодан мен тор
ұстаған біркелкі өрімдей жастар еді. Бә-
рінің де жүздерінен қуаныш іздері мен
бақыт нышаны сезіледі. Бұлардың ішін-
де теміржол арқылы алыс сапарға атта-
нып көрмегендер де жоқ емес.

— Алматыға, оқуға барамыз!
Өрімдей жастардың бөрінің аузынан
естілетін осы бір сөз олардың игілікті
сапарға аттанғалы тұрғанын айтпай-ақ
аңғартқандай.

Бұл жастар тобын аттандыра келген
петропавлдыктар да аз емес болатын.
Сүйікті ұлдары мен қыздарын білім алу
жолына шығарып салуға келген қарт
ата мен ананың жүздерінен қуанышпен
араласқан қыймастықтың кейін аңғарыл-
са, өздерінің құрбылары аттандыра кел-
гендердің осынау жастардың сапарына
қызыға құмартып тұрғандары да аз емес.

— Келесі жылы, онжылдықты бітірген
соң мен де Алматыға оқуға барамын,
бүт, — дейді олардың көпшілігі аттанып
бара жатқан құрбыларына.

Олар бүгінде түгел дерлік жо-
ғарғы оқу орнын бітіріп шықты.
Олардың көпшілігі кәзір Отаны-
мыздың әр жерінде игілікті қызмет ат-
қарып жүр. Бұлардың қатарында біз әң-
гіме еткелі отырған Темірғали да бар бо-
латын.

Алматының театр-көркемөнер учили-
щесінің 1-курсіне оқуға түскен Темірға-
ли сахна шебері болуды жасынан алдына
мақсат етіп қойған еді. Оның көркем-
өнерге ыңғайының барлығы Петропавлда-
ғы қазақ орта мектебінде оқып жүрген
кезінде бастап-ақ байқалған болатын.
Мектеп оқушыларының көркемөнер үйір-
месі қойған спектакльдердің барлығында
да ол басты рольдерді ойнайтын. Кәзір
Москванын театр институтының ақырғы
курсінде оқыйтын Қажымұрат Қанғожин
екеуі ол кезде мектеп көркемөнер үйірме-
сінің ұйтқысындай сезілуші еді.

Театр-көркемөнер училищесіне түсуге
Темірғали көптен дайындалған болатын.
Сондықтан да ол училищенің қабылдау
емтиханын үздік тапсырғандардың бірі
болды.

Училищеде өткен 4 жыл уақыт Темір-
ғалидің өміріндегі іздену жолындағы
жылдар болды. Ол республикалық театр-
дың артисі және училищенің оқытушы-
сы Дьяковтың басшылығымен алғашқы
үш жыл ішінде өзінің сахна шебері бо-
луға дайындық жұмыстары жолында қа-
жырлықпен еңбек етті. Бұл жылдары
ол училищенің сахнасында орыс және
дүние жүзі классик жазушыларының жә-
не қазақ совет жазушыларының пьесала-
рынан 50-ге жуық рольдер орындап, сан-
қыйлы мінезді адамдар образын жасауға
жаттықты.

Республикалық драма театрының бас
режиссері, Қазақ ССР-нің халық артисі
Мойсей Исакович Гольдблат Темірғалидің
өсу жолында көп еңбек сіңіріп, оның
творчестволық дұрыс жолға түсуіне әсер
еткен адам болды. Училищенің оқытушы-
сы Мойсей Исакович болашақ артистің
бойындағы талантын байқап көре білді.
Сондықтан да ол Темірғалидің диплом
жұмысына басшылық жасауды өз қолы-
на алды.

Училищенің ақырғы курсіне дейін Темір-
ғалидың көбірек жаттыққан рольдері
драмалық образдар болатын. Бұл рольдер-
ді орындағанда ол көбіне кейіпкер міне-
зінің шын бейнелерін оның ішкі жан дү-
ниесі арқылы беруге тырысатын.

— Пьесадағы образды толық етіп аша
білуді тек қана ішкі жан дүние арқылы
орындаймын деу сыңаржақ талап, — деді
оған қарт актер, — ол үшін қыймыл мей
сөздің, мимика мен темпераменттің түгел
бір мақсатқа — образды ашуға бағыттә-
луы керек.

Мойсей Исакович Темірғалидың іздену
жолындағы көп кемшіліктерін айтты.
Өзімен бірге оқыйтындардың ортасында

айтылған бұл қатаң сындар оны көп ой-
ландырды.

— Егер артист өзі орындайтын рольдің
образымен өмір сүрмейтін болса, сахна
төрінде өзін сол адаммын демеі, тек
рольді орындаушымын деп түсінетін бол-
са, онда ол — рольдің табысты орында-
луын күні бұрын жоққа шығару деген
сөз, — дейтін Гольдблаттың сөзін Темір-
ғали іздену үстінде ұғынды.

Темірғалидың дипломдық жұмыс ретін-
де орындаған ролі Францияның ұлы жа-
зушысы Мольердің «Дворяндар қауымын-
дағы мешан» комедиясындағы Клеонт-
тың ролі болатын. Бұл комедияны театр
көркемөнер училищесін бітірушілер өздері-
нің дипломдық спектаклі етіп респуб-
ликалық драма театрында қоймақ бола-
ды. Өмір қызығына жаңа бой ұрып, ма-
хаббаттың қымбаттылығын жаңа көрген
адал, маңайындағы топтардың зұлымдығы
мен ластығын әлі бойына дарытпаған жас
Клеонттың образын жасау Темірғалиға
оңайға түскен жоқ. Клеонт — лирикалық
образ. Оның іс-әрекеті кей кезде көру-
шілерді күлдіреді де. Бірақ, бұл проны-
лық күлкі емес. Ал, Темірғали бұл об-
разды жасауда алғашқы кезде осы күл-
кілік жағына баса бой ұра бастады. Жас
артистің бұл қателігін кезінде сезген
Мойсей Исакович оған бұл образдағы
ерекшелікті — әсіресе, оның ішкі жан
дүниесіндегі толқушылықты баса көрсету
қажеттілігін, лирикалық образдарға ба-
сым соғатын жағдай — кейіпкердің ру-
хани дүниесін көрушілерге танытуда
екендігін көрсетті.

Сезімтал, темпераментті жас актер
Темірғали өзінің дипломдық ролін өте
шеберлікпен орындап шықты. Көрушілер
ол жасаған Клеонт образын өте жоғары
бағалады, ал, мемлекеттік емтихан Ко-
миссиясының мүшелері бұл дипломдық
жұмысқа үздік баға берді.

— Міне, сен менің үмітімді ақтадың,
Темірғали. Табысыңмен құттықтаймын, —
деді Мойсей Исакович.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үн. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-
транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-52, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.